

**МАЗМҰНЫ**

**СОДЕРЖАНИЕ**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы .....	2	Пленарное заседание Верховного Суда Республики Казахстан .....	4
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары .....	6	Нормативные постановления Верховного Суда Республики Казахстан .....	20
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысына 2015 жылғы 25 маусымда енгізілген өзгерістер мен толықтырулар .....	35	Изменения и дополнения, внесенные в нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан 25 июня 2015 года .....	45
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі қадағалаушы сот алқасының қаулылары .....	56	Постановления надзорной судебной коллегии по гражданским и административным делам Верховного Суда Республики Казахстан .....	56
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі қадағалаушы сот алқасының қаулылары .....	67	Постановления надзорной судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан .....	67
<i>Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығына орай</i>		<i>К 20-летию Конституции Республики Казахстан</i>	
Сот актілері .....	81	Судебные акты .....	81
<i>Сот практикасында туындайтын мәселелер бойынша түсіндірмелер</i>		<i>Разъяснения по вопросам, возникающим в судебной практике</i>	
Мүлікті тыйым салудан босату туралы ..	83	Об освобождении имущества от ареста ..	83
Бұзылған авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау туралы істерді караудың сот практикасын қорыту туралы .....	84	Обобщение судебной практики рассмотрения дел о защите нарушенных авторских и смежных прав .....	84
<i>Қазақ хандығының 550 жылдығы</i>		<i>550-летие Казахского ханства</i>	
Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би .....	99	«Жеті Жарғы» или Законы хана Тауке» .....	102
БАҚ-пен өзара байланыс жөніндегі үйлестіруші судьялардың тізімі .....	106	Список судей-координаторов по взаимодействию со СМИ .....	106
Басылым оқырмандарына арналған сауалнама .....	108	Опрос читателей издания .....	110

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы Қайрат Мәмидің төрағалық етуімен 2015 жылғы 25 маусымда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кезекті жалпы отырысы өтті.

Отырыста Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың авторлық құқықты және сабақтас құқықтарды қорғау жөніндегі кейбір заң нормаларын қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 25 желтоқсандағы № 11 нормативтік қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулылардың жобалары талқыланды.

Жалпы отырыстың жұмысына Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің мүшесі Н. Белоруков, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары И. Меркель, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің орынбасары Э. Азимова және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы ғылыми-консультативтік кеңестің мүшелері Ч. Жекебаев, Т. Қаудыров, Ж. Қосанов, Р. Мұхамедшин, Т. Айтмұхамбетов, М. Қоғамов, Ғ. Сүлейменова, Р. Юрченко, Т. Сәрсенбаев қатысты.

Жоғарғы Сот Төрағасы Қ. Мәми отырысты ашып, «Нормашығармашылық функцияны іске асыру арқылы сот практикасын түсіндіру жөніндегі жұмыс Жоғарғы Сот қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады. Нормативтік қаулылар сот ісін жүргізуде ғана емес, сонымен қатар жалпы құқық қорғау органдарының құқық қолдану практикасында да айқындаушы маңызға ие.

Жоғарғы Соттың нормашығармашылық функциясы сот төрелігі үш сатылық жүйеге өткенде де одан әрі арта түседі.

Жоғарғы Сот сот практикасында заңнама нормаларын, оның ішінде Конституция нормаларын қолдану мәселелері бойынша нормативтік қаулылар қабылдауға құқылы. Бұл бізді қаулы жобаларын әзірлеуде және қабылдауда мұқият болуға, күрделі әрі түсіндіруді қажет ететін құқықтық нормаларға назар аударуды міндеттейді», - деп атап өтті.

Жоғарғы Соттың судьясы И. Калашникова алғашқы жобаны ұсына отырып, зияткерлік қызмет нысандарын қорғауға және пайдалануға байланысты қатынастардың азаматтық құқық нормаларымен реттелетініне назар аударды. Авторлық құқықты қорғау республиканың экономикалық өркендеуінің тұрақты және қарқынды дамуын қамтамасыз етудің маңызды шарттарының бірі ретінде қарастырылады және Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіруі қарсаңында аса өзекті болып табылады.

Зияткерлік меншік саласындағы заңнамаға жақында енгізілген өзгерістер мен толықтырулар сот практикасында авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау туралы заң нормаларын дұрыс қолдану мақсатында осы нормативтік қаулыны әзірлеу қажеттілігін көрсетті. Жоба авторлық құқық саласындағы халықаралық шарттарды нақтылау, туындыларды Интернет желісіне заңсыз орналастыру деректерін, авторлық және сабақтас құқықтарды бұзатын адамдарды анықтау бөлігінде толықтырулар енгізуді көздейді. Авторлық келісім шарттарының елеулі түрде бұзылуы, өнімді қайта басып немесе қайта жазып шығару анықтамалары нақтыланды, туындылар және (немесе) фонограммалар даналарының контрафактілігі ұғымы, осы санаттағы істер бойынша сараптама тағайындау және оларды жүргізу ерекшеліктері, сондай-ақ ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдардың авторлық және сабақтас құқықтар иегерлерінің мүддесінде әрекет ету құқығын растайтын құжаттардың тізбесі бекітіледі.

Осы мәселе бойынша қосымша баяндамашылар ретінде Жоғарғы Соттың судьясы А. Қыдырбаева және Астана қалалық сотының судьясы С. Жармұхамбетова өз пікірлерін ортаға салды.

Жоғарғы Соттың судьясы М. Жанғұттинов екінші нормативтік қаулы жобасы туралы баяндама жасады. Ол жобаның жаза тағайындау мәселесі бойынша жаңа қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнама нормаларын бірізді қолдануды қамтамасыз ету мақсатында әзірленгендігін тілге тиек етті. Аталған жобада республика заңнамасында бұрын соңды болмаған бірқатар жаңа ережелер қамтылған. Атап айтқанда, қылмыстық теріс қылыққа, келісімдік іс жүргізуде жаза тағайындауға қатысты нормалар бар. Бұған дейін қылмыстық жазаны тағайындау мәселелері бойынша сот практикасы туралы түсіндірулер екі нормативтік қаулыда берілген болатын.

Жаңа Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстерінің қабылдануына байланысты жаза тағайындау жөніндегі жаңа институттарды түсіндіру жаңа нормативтік қаулы қабылдауды қажет етті. Онда жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар, неғұрлым қатаң жаза тағайындау, шартты түрде соттау, келісімдік іс жүргізудегі жаза және тағы басқа ұғымдар жан-жақты ашып түсіндірілген.

Осындай маңызды оймен бөліскен судья М. Жанғұттинов Қылмыстық кодекске «қылмыстық теріс қылық» деген жаңа заң ұғымының енгізілуіне байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша жаза тағайындауға қатысты түсіндірме берілгендігіне және өзге де мән-жайларға қатысты мәселелерге кеңінен тоқталды.

Осы тақырып бойынша Жоғарғы Соттың судьясы Л. Ағыбаева және Астана қалалық сотының судьясы Р. Жакудина қосымша баяндама жасады.

Нормативтік қаулылардың жобаларын әзірлеу барысында қаралған мәселелер бойынша сот істері зерделеніп, сот практикасы қорытылды, сондай-ақ жергілікті соттардың, ҒКК мүшелері мен мүдделі мемлекеттік органдардың ұсыныстары мен ескертулері назарға алынды.

**Редакциялық алқа**

**Пленарное заседание Верховного Суда Республики Казахстан**

25 июня 2015 года под председательством Председателя Верховного Суда Республики Казахстан Кайрата Мами состоялось очередное пленарное заседание Верховного Суда Республики Казахстан.

На повестке дня заседания – обсуждение проектов нормативного постановления Верховного Суда «О внесении изменений и дополнений в нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 25 декабря 2007 года № 11 «О применении судами некоторых норм законодательства о защите авторского права и смежных прав» и нормативного постановления Верховного Суда «О некоторых вопросах назначения уголовного наказания».

В работе пленарного заседания приняли участие член Конституционного Совета Республики Казахстан Белоруков Н., первый заместитель Генерального Прокурора Республики Казахстан Меркель И., заместитель Министра юстиции Республики Казахстан Азимова Э. и члены научно-консультативного совета при Верховном Суде Республики Казахстан Джекебаев Ч., Каудыров Т., Косанов Ж., Мухамедшин Р., Айтмухамбетов Т., Когамов М., Сулейменова Г., Юрченко Р., Сарсенбаев Т.

Открывая заседание Председатель Верховного Суда К. Мами отметил, что «в деятельности Верховного Суда работа по разъяснению судебной практики посредством реализации нормотворческих функций является одной из приоритетных, поскольку нормативные постановления имеют определяющее значение не только для судопроизводства, но и в правоприменительной практике правоохранительных органов в целом.

Нормотворческая функция Верховного Суда еще более возрастет с переходом судебной системы на 3-х уровневую систему правосудия.

Согласно актам толкования Конституции Верховный Суд правомочен издавать нормативные постановления по вопросам применения в судебной практике норм законодательства, в том числе норм Конституции. Это обязывает нас тщательным образом подходить к подготовке и рассмотрению проектов постановлений, акцентировать в них внимание на сложных, нуждающихся в разъяснениях правовых нормах».

Представляя первый проект, судья Верховного Суда И. Калашникова отметила, что отношения, связанные с охраной и использованием объектов интеллектуальной деятельности, регулируются нормами гражданского права. Защита авторских прав рассматривается как одно из важных условий обеспечения устойчивых и возрастающих темпов экономического роста республики и приобретает особую актуальность в преддверии вступления Казахстана в ВТО.

Внесенные недавние изменения в законодательство в сфере интеллектуальной собственности вызвали необходимость разработки данного нормативного постановления с целью правильного применения в судебной практике законодательных норм о защите авторского и смежных прав. Проект предусматривает внесение дополнений в части уточнения международных договоров в области авторского права, установления фактов незаконного размещения произведений в сети Интернет, определения лиц, нарушающих авторские и смежные права. Конкретизируются определения существенного нарушения условий авторского договора, репродуцирования или репрографического воспроизведения, уточняется понятие контрафактности экземпляров произведений и (или) фонограмм, особенности назначения и производства экспертиз по данной категории дел, устанавливается перечень документов, подтверждающих право организаций по коллективному управлению представлять интересы обладателей авторских и смежных прав и т.д.

В качестве содокладчиков по данному вопросу выступили судья Верховного Суда А. Кыдырбаева и судья суда города Астаны С. Жармухамбетова.

С докладом по проекту нормативного постановления о некоторых вопросах назначения уголовного наказания выступил судья Верховного Суда М. Жангуттинов. Докладчик, говоря о проекте нормативного постановления, отметил, что оно разработано в целях обеспечения единообразного применения норм нового уголовного и уголовно-процессуального законодательства по вопросу назначения наказания. Новеллы содержат ряд положений, ранее не имевшихся в законодательстве республики. Это, в частности, нормы об уголовном проступке, назначении наказания в согласительном производстве. Ранее разъяснения о судебной практике по вопросам назначения уголовного наказания были даны в двух нормативных постановлениях.

В связи с принятием новых Уголовного, Уголовно-процессуального и Уголовно-исполнительного кодексов назрела необходимость разъяснения новых институтов по назначению наказания, принятия нового нормативного постановления. В нем более детально раскрыты такие понятия, как обстоятельства, смягчающие и отягчающие ответственность и наказание, назначение более строгого наказания, условное осуждение, наказание в согласительном производстве и другие.

В связи с введением в УК совершенно нового юридического понятия «уголовный проступок», дано разъяснение назначения наказания по совокупности уголовных правонарушений. В проекте также разъяснено, какие обстоятельства суды должны понимать под исключительными.

В качестве содокладчиков по данному вопросу выступили судья Верховного Суда Л. Агыбаева и судья суда города Астаны Р. Жакудина.

В ходе разработки проектов нормативных постановлений изучены судебные дела по этим вопросам, подготовлены обобщения судебных практик, а также получены предложения и замечания из местных судов, от членов НКС и заинтересованных государственных органов.

**Редакционная коллегия**



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ  
№ 3 НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫСЫ**

2015 жылғы 25 маусым

Астана қаласы

**«Соттардың авторлық құқық және сабақтас құқықтарды қорғау жөніндегі кейбір заң нормаларын қолдануы туралы»  
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы  
25 желтоқсандағы № 11 нормативтік қаулысына өзгерістер  
мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының авторлық құқықты және сабақтас құқықтарды қорғау туралы заңнамасының кейбір нормаларын сот практикасында біркелкі түсіну және дұрыс қолдану мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы

**қаулы етеді:**

1. «Соттардың авторлық құқық және сабақтас құқықтарды қорғау жөніндегі кейбір заң нормаларын қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 25 желтоқсандағы № 11 нормативтік қаулысына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 3 нормативтік қаулысымен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) қаулының атауында «Соттардың авторлық құқық және сабақтас құқықтарды қорғау жөніндегі кейбір заң нормаларын қолдануы туралы» деген сөздер «Авторлық құқық және сабақтас құқықтарды қорғау жөніндегі кейбір заң нормаларын соттардың қолдануы туралы» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ғылым, әдебиет және өнер (авторлық құқық) туындыларын, қойылымдар, орындаулар, фонограммалар, эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдарының хабарларын жасауға және пайдалануға байланысты туындаған қатынастар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексімен (бұдан әрі - АҚ), «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі - Заң) және өзге де нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген ережелерге қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының авторлық және сабақтас құқықтарды қорғауды күшейтетін заң актілері қолданылады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы осы құқықтық қатынастарды реттейтін мына халықаралық шарттардың қатысушысы болып табылады:

Әдеби және көркем туындыларды қорғау жөніндегі Берн конвенциясы (Берн, 1886 жылғы 9 қыркүйек, «Қазақстан Республикасының Әдеби және көркем туындыларды қорғау жөніндегі Берн конвенциясына қосылуы туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 қарашадағы № 297-1 Заңы);

Фонограмма жасаушылардың мүдделерін олардың фонограммаларын заңсыз көшіріп көбейтуден қорғау жөніндегі конвенция (Женева, 1971 жылғы 29 қазан, «Қазақстан Республикасының Фонограмма жасаушылардың мүдделерін олардың фонограммаларын заңсыз көшіріп көбейтуден қорғау жөніндегі конвенцияға қосылуы туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 маусымдағы № 54-II Заңы);

Дүниежүзілік авторлық құқық туралы конвенциясы (Женева, 1952 жылғы 6 қыркүйек, Қазақстан Республикасында бұрынғы КСРО-ның халықаралық міндеттемелері мен шарттарын құқықтық иелену тәртібімен қолданылады, КСРО үшін 1973 жылғы 27 мамырда күшіне енді.);

Фонограмма орындаушылардың, өндірушілердің және хабар тарату ұйымдарының құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенция (Рим, 1961 жылғы 26 қазан, «Орындаушылардың, фонограмма жасаушылардың және хабар тарату ұйымдарының құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 17 ақпандағы № 563-IV Заңы);

Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының шығармалардың кейбір түрлеріне жекелеген құқықтарды қорғауға қатысты авторлық құқық жөніндегі шарты (Женева, 1996 жылғы 20 желтоқсан, «Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының авторлық құқық жөніндегі шартына қосылуы туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 16 сәуірдегі № 547-II Заңы);

Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының орындаушылықтар мен фонограммалар жөніндегі шарты (Женева, 1996 жылғы 20 желтоқсан, «Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының орындаушылықтар мен фонограммалар жөніндегі шартына қосылуы туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 16 сәуірдегі № 546-II Заңы).»;

3) 4-тармақта «автордың осы құқықтарын» деген сөздерден кейін «АК-нің 187-бабының 1) тармақшасына сәйкес» деген сөздермен толықтырылсын;

4) 13-тармақ мынадай мазмұндағы бесінші және алтыншы абзацтармен толықтырылсын:

«Заңның 2-бабының 18), 19) тармақшаларына сәйкес, қайта шығару деп туындылардың немесе сабақтас құқықтар объектілерінің бір немесе одан да көп тұрақты немесе уақытша даналарын кез келген тәсілмен және кез келген түрде, толық немесе ішінара, тікелей немесе жанама түрде дайындау түсіндірілсін. Осы ретте екі өлшемдік немесе үш өлшемдік туындының бір немесе одан да көп даналарын дайындау, сондай-ақ туындыларды немесе сабақтас құқықтар объектілерін кез келген материалдық нысанда, оның ішінде ашық ақпараттық-коммуникациялық желіде кез келген тұрақты немесе уақытша сақтау қайта шығару түрлері болып табылады.

Көшірмелеу немесе репрографиялық қайта шығару деп жазбаша және басқа да графикалық туындылар түпнұсқаларының немесе көшірмелерінің фотокошірме жолымен немесе басып шығарудан өзге басқа да техникалық құралдар, соның ішінде басып шығару, сканерлеу, цифрлық көшіру арқылы кез келген мөлшерде және нысанда бір немесе одан да көп данасын факсимильдік қайта шығару түсініледі.»;

5) мынадай мазмұндағы 13-1- тармақпен толықтырылсын:

«13-1. Авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар нысандарын телекоммуникация желілерінде, атап айтқанда, Интернет желісінде орналастыру, осы нысандарды Заңның 16-бабы 2-тармағының 10-1) тармақшасына сәйкес, туындыны жалпы жұрттың назарына жеткізу түрінде пайдалану болып табылады. Мәселен, егер белгісіз адамдар тобы жазбаны жасаған адамның бастамасы бойынша осы туындыға немесе сабақтас құқықтар объектісіне қол жеткізсе, туындыны немесе сабақтас құқықтар объектісін электрондық-есептеу машинасының жадына жазу пайдалану болып табылады. Осындай пайдаланудың нәтижесінде Заңды бұзып жасалған (алынған) туындылардың даналары немесе сабақтас құқықтар объектілері контрафактілік болып табылады.

Осындай әрекеттерді жасаған адамдар авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды бұзушылар деп танылады.»;

6) 14-тармақта:

екінші абзац алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

«Заңның 32-бабының 1-тармағында көзделген авторлық шарттың елеулі талаптарын бұзу, аталған әрекеттер автор берген өкілеттіктер шегінен тыс жүзеге асырылатындықтан авторлық құқықты бұзу болып табылады. Ерекше құқықтарды беру туралы шарттың елеулі талаптары бұзылып дайындалған және (немесе) таратылған туындылар мен фонограммалардың даналары контрафактілік болып табылады. Атап айтқанда, егер қайта шығару шартта көрсетілген тираждан асып кетсе, онда тираждың асып кетуін авторлық құқықты немесе сабақтас құқықтарды бұзу деп қарастырған жөн.»;

7) 23-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

«Туындылардың және (немесе) фонограммалар даналарының контрафактілігі құқықтық ұғым болып табылады, сондықтан туындылардың немесе фонограммалар даналарының контрафактілігі туралы мәселе сарапшының алдына қойылуы мүмкін емес. Авторлық құқықтың және (немесе) сабақтас құқықтардың объектілерін зерттеу қажеттілігіне байланысты сараптаманы тағайындаған кезде соттар құқық иеленушілермен еңбек немесе шарттық қатынастардағы адамдарды сарапшылар немесе мамандар ретінде тартуға жол бермеу туралы талапты сақтауға тиіс. Тек құқық иеленушіге ғана белгілі авторлық және сабақтас құқықтың объектілерін қорғаудың арнайы түрлері (дискілердегі, көркем туындылардағы арнайы белгілер және т.б.) туралы ақпарат алу қажет болған жағдайда оның қызметкерлері және онымен байланыстағы өзге де адамдар сотқа тек куә ретінде ғана шақырылуы мүмкін.»;

8) 24-тармақта:

екінші абзацта «авторлар мен орындаушылардың мүліктік (айрықша) құқықтарын ұжымдық негізде басқару жөніндегі ұйымдар,» деген сөздер «мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар,» деген сөздермен ауыстырылсын»;

үшінші абзацта «автор немесе орындаушының мүліктік (айрықша) құқықтарын ұжымдық негізде басқару жөніндегі ұйым» деген сөздер «мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын»;

төртінші абзацта «авторлар мен орындаушылардың мүліктік құқықтарын ұжымдық негізде басқару жөніндегі ұйымға» деген сөздер «мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымға» деген сөздермен ауыстырылсын»;

мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

«Ұжымдық негізде мүліктік құқықтарды басқаратын ұйымның жарғысы, ұжымдық негізде мүліктік құқықтарды басқаруға авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды иеленушімен келісім және (немесе) осындай құқықтарды іске асыратын шетелдік ұйыммен келісім авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды қорғау туралы арызбен сотқа жүгінуге ұйымның құқығын растайтын құжаттар болып табылады.»;

9) 26-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

«Ұжымдық негізде мүліктік құқықтарды басқаратын ұйымдар авторлардың, аталған ұйым мүшелерінің немесе өкілдердің мүліктік құқықтарының бұзылу фактілері бойынша авторлардың мүддесі үшін берген талап арыздар жалпы юрисдикция соттарында қаралады.»;

10) 27-тармақта:

«501» деген цифрлар «541» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«мен апелляциялық шағымдар» деген сөздер алып тасталсын;

11) 28-тармақтың бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:



**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Бюллетені № 7/2015**

«Талап қоюды қамтамасыз ету туралы соттың ұйғарымы туындаған даудың мәні бойынша қорытындыларды қамтуға және іс бойынша шешімді алдын ала болжауға тиіс емес.».

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес, осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына енгізіледі, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының  
Төрағасы**

**Қ. Мәми**

**Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының судьясы,  
жалпы отырыс хатшысы**

**Қ. Шаухаров**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ  
№ 4 НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫСЫ**

2015 жылғы 25 маусым

Астана қаласы

**Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнамасының жаза тағайындаудың мәселелерін реттейтін нормаларын дұрыс және біркелкі қолдану мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы

**қаулы етеді:**

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының барлық адам заң мен сот алдында тең, ешкім де заңды күшіне енген сот үкімі болмай қылмыс жасауда кінәлі деп танылуға жатпайды және қылмыстық жазаға тартыла алмайды деген ережелерін негізге ала отырып, жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен ауырлығына, сотталушының қызметтегі және қоғамдағы дәрежесіне қарамастан, әрбір қылмыстық істі заңға сәйкес бұлжытпай шешуі қажет екендігіне соттардың назары аударылсын. Қылмыстық жаза тағайындаған кезде соттар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 52-бабында (бұдан әрі – ҚК) көрсетілген жаза тағайындаудың жалпы қағидаларын бұлжытпай сақтағандары, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығы бойынша қай санатқа жататындығын, қылмыстың қайталануын және оның түрлерін, қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезеңін, сотталушының қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезіндегі қатысу дәрежесін, қылмыстық құқық бұзушылықтың мақсатына жету үшін оның әрекеттерінің маңызын және келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның сипаты мен мөлшеріне ықпалын, қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығының болуын, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлардың болуын, сол қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазаға қарағанда неғұрлым жеңіл жаза тағайындау негіздерін ескерулері қажет.

2. Қылмыстық топтардың құрамында қылмыстық құқық бұзушылықты, сыбайлас жемқорлыққа қатысты, террористік, экстремистік қылмыстарды, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстарды жасағаны үшін кінәлі деп танылған және түзелу жолына түсуді қаламайтын бұрын сотталған адамдар үшін заңмен көзделген қатаң жазалау шараларын міндетті түрде талқылаудың және қолданудың қажеттілігіне соттардың назары аударылсын.

Жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілік дәрежесін анықтаған кезде соттар ҚК-нің 11-бабында көзделген оның ауырлығын, сондай-ақ құқық бұзушылық жасалған кездегі мән-жайлардың (жасау тәсілі, кінәнің түрі, себептер мен мақсаттар, іс-әрекеттің аяқталу кезеңі, туындаған зардаптардың қоғамға қауіптілік дәрежесі және т.б.) жиынтығын ескеру керек.

3. Соттар сотталушының жеке басына қатысты мәліметтердің жазаның түрі мен мөлшерін белгілеу үшін елеулі мәні бар екенін назарға ала отырып, оларды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеуге тиіс. Атап айтқанда, сотталушының денсаулығын, еңбекке қабілеттілігін, еңбекке, білімге көзқарасын, соттылығы және отбасылық жағдайы туралы мәліметтерді анықтау қажет. Соттар жаза тағайындаған кезде ҚК-нің 52-бабының үшінші бөлігіне сәйкес тағайындалған жазаның

сотталушының отбасының және оның асырауындағы адамдардың тұрмыс жағдайына ықпалын ескерулері қажет.

4. ҚК-нің 54-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар тізбесі түпкілікті болып табылады, осыған байланысты, қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кездегі немесе сотталушыны сипаттайтын сот анықтаған өзге де мән-жайлар (маскүнемдікке салыну, қоғамдық тәртіпті бұзу, отбасына, жұмысына, оқуына көзқарасы және т.б.) жаза тағайындалған кезде ескерілуі мүмкін, бірақ жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар ретінде танылмайды.

Сондай-ақ алынбаған және жойылмаған соттылықтар жаза тағайындаған кезде ескерілуі мүмкін.

ҚК-нің 54-бабы бірінші бөлігінің 12) тармағына сәйкес, сот қылмыстық құқық бұзушылықтың сипатына қарай масаң күйде қылмыс жасауды жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жай ретінде танымауға құқылы. Осы мәселені шешу кезінде соттар қылмыстық іс-әрекеттің жасалуының өз сипаты бойынша кінәлі адамның масаң күйімен байланысы бар жоғын, сондай-ақ адам осындай күйге түскен кездегі жағдайды ескерулері қажет. Атап айтқанда, кәмелетке толмағанның қылмыстық құқық бұзушылықты жасау сәтінде масаң күйіндегі жағдайы, егер бұл оны спирт ішімдіктерін, есірткі немесе есеңгірететін заттарды пайдалануға қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға бірге қатысушы ересек адамның тартуымен байланысты болса, жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жай ретінде есептелуге тиіс емес.

ҚК-нің 53-бабында немесе 54-бабында көзделген мән-жай қылмысты саралайтын белгілердің бірі ретінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөліміндегі (бұдан әрі – ҚК-нің Ерекше бөлімі) бабының диспозициясында көрсетілсе, сот оны осы қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жай ретінде тани алмайды.

5. Бұрын қандай да бір қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған адамның қылмыстық құқық бұзушылықты жасауы, егер бірінші қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысты қылмыстық жауаптылыққа тарту мерзімі өтіп кетсе, заңмен белгіленген тәртіппен соттылық алынып тасталса не жойылса немесе бұрын жасалған әрекет үшін қылмыстық жауаптылық заңмен жойылса, сондай-ақ адам Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Жалпы бөлімінде (бұдан әрі – ҚК-нің Жалпы бөлімі) көзделген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатылса, жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жай ретінде қаралмайды.

Жаза тағайындау кезінде сот әр сотталушыға қатысты оның жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды міндетті түрде үкімде көрсетуге тиіс.

6. Егер адамды кінәлі деп таныған ҚК-нің бабының санкциясы жазалардың баламалы түрлерін көздесе, ҚК-нің 52-бабының екінші бөлігіне сәйкес, жазаның неғұрлым жеңілірек түрі жазалаудың мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз ете алмаған жағдайда ғана жазаның неғұрлым қатаң түрі қолданылатынын назарда ұстай отырып, соттар олардың ішінен жазаның неғұрлым жеңілірек түрін тағайындаудың мүмкіндігі туралы мәселені талқылағандары жөн. Сот шешімі үкімде уәждеенуге тиіс.

7. ҚК-нің 55-бабына сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін тиісті бапта белгіленген төменгі шектен төмен жаза тағайындауға не қылмыстық құқық бұзушылық сараланған ҚК-нің бабының санкциясында көрсетілмеген жазаның неғұрлым жеңіл түрін тағайындауға немесе міндетті жаза ретінде көзделген қосымша жазаны қолданбауға тек қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілік дәрежесін едәуір азайтатын ерекше мән-жайлар анықталған жағдайда, сондай-ақ топтың жасаған қылмысына сыбайлас қатысушы топтың жасаған қылмыстарын

ашуға белсене жәрдемдескен кезде ғана жол беріледі.

Жеңілдететін жекелеген мән-жайлар да, осындай мән-жайлардың жиынтығы да және жасалған әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесінің төмен екенін және сотталушының оң әлеуметтік-адамгершілік бейнесін айғақтайтын жасалған іс-әрекетке, сотталушының жеке басына қатысты өзге де мән-жайлар, ерекше мән-жайлар деп танылуы мүмкін.

Сот ісі бойынша анықталған мән-жайлардың нақты қайсысын ерекше мән-жайлар деп танитынын және оларды ҚК-нің 55-бабын қолдану кезінде кінәлінің жеке басы туралы қандай деректермен ұштастырып негізге алатынын үкімде әрбір сотталушыға қатысты көрсетуге міндетті.

Ерекше мән-жайлар болған кезде ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаудың өзі адамға төменгі шектен төмен жазаны тағайындауға кедергі болмайды.

Егер бап санкциясы бас бостандығынан айыру түріндегі жазамен қатар өлім жазасын немесе өмір бойына бас бостандығынан айыруды көздесе, соттар аса ауыр қылмыс жасағаны үшін белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны тағайындау кезінде ҚК-нің 55-бабы екінші бөлігі 3) тармағының қағидасы қолданылуға жататынын ескерулері қажет.

ҚК-нің 55-бабын қолдану арқылы сот белгілеген жазаның мөлшері жазаның осы түрі үшін заңмен белгіленген шектен кез келген жағдайда төмен болмауға тиіс.

Аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындау кезінде, ҚК-нің 55-бабының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген негіздер болған кезде, ҚК-нің 56-бабымен белгіленген шектерді негізге ала отырып, жазаның неғұрлым қатаң түрінің ең жоғарғы мерзімі мен мөлшерінің жартысынан, үштен екісінен және төрттен үшінен есептеген жөн.

Келісімдік іс жүргізуде қаралған іс бойынша жаза тағайындау кезінде сот процестік келісімде белгіленгеннен неғұрлым жеңіл жазаны (түрі, мерзімі, мөлшері) тағайындауға құқылы, бірақ неғұрлым ауыр жаза тағайындауға құқылы емес.

8. Он сегіз жасқа толмай қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға, әйелдерге, сондай-ақ алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге қатысты үкім шығару кезінде соттар ҚК-нің 46, 47 және 56-баптарында көзделген бас бостандығынан айырудың мерзімдеріне және өлім жазасын тағайындауға қатысты ерекшеліктерді ескерулері қажет. Әйелдерге, олардың қылмыс жасаған кездегі жастарына қарамастан, өлім жазасы мен өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалмайды.

9. Кәмелетке толмағандарға жаза тағайындау мәселесін қараған кезде соттар қылмыстық жазаның тек ҚК-нің 81-бабында көрсетілген түрлері ғана қолданылатынын және олардың мерзімдері мен мөлшері осы бапта белгіленген шектерден аспайтынын назарға алуға тиіс. Осы ретте ҚК-нің 82 және 83-баптарында көрсетілген мән-жайларды қосымша ескеріп, әрі істің мән-жайларын және кәмелетке толмаған сотталушының жеке басын ескере отырып, оған тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану мүмкіндігін әрбір нақты жағдайда талқылаған жөн.

Кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындау кезінде бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін де, қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы үшін де, сондай-ақ үкімдер жиынтығы кезінде бас бостандығынан айырудың мерзімі он жылдан аспауы қажет. Кәмелетке толмағандарға көрсетілген мерзімнен артық мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тек ауырлататын мән-жайлар кезінде жасалған адам өлтіргені үшін немесе терроризм актісі үшін не қылмыстық құқық бұзушылықтардың біреуі ауырлататын мән-жайлар кезіндегі адам өлтіру немесе терроризм болып табылатын олардың жиынтығы бойынша тағайындалуы мүмкін. Бұл жағдайда қылмыстар жиынтығы мен үкімдер жиынтығы

бойынша тағайындалған бас бостандығынан айырудың мерзімі он екі жылдан аспауы қажет.

Егер ҚК-нің 56-бабының екінші, үшінші бөліктерінде көзделген қағидалар ескеріле отырып кәмелетке толмағанға бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындалса, онда жазаның неғұрлым ауыр түрінің мерзімінің немесе мөлшерінің жартысы және төрттен үші аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық үшін кәмелетке толмағанға тағайындалуы мүмкін бас бостандығынан айыру жазасы тиісінше он жыл немесе он екі жыл мерзімнен есептелуге тиіс.

10. Сот шартты түрде соттауды қолдану кезінде сот жүктеген міндеттер орындалмаған, әкімшілік құқық бұзушылықтар не қылмыстық құқық бұзушылықтар жасалған жағдайда ол үшін ықтимал зардаптарды сотталғанға, оның заңды өкілдеріне түсіндіреді.

Өзіне шартты түрде мерзімінен бұрын босату қолданылған адам, ҚК-нің 72-бабы жетінші бөлігінің 2) тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, жазаның өтелмей қалған бөлігі ішінде қасақана жаңа қылмыс жасаған жағдайда, сот шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды жоймай, оған үкімдер жиынтығы бойынша жаза тағайындайды.

Үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау кезінде, бірінші үкім бойынша жаза шартты түрде тағайындалған жағдайда сот адамның ұстау мен бұлтартпау шарасы тәртібімен күзетке алыну уақытын олар бірінші іс бойынша да, екінші іс бойынша да қолданылған жағдайда үкімдер жиынтығы бойынша жазаның түпкілікті мерзіміне енгізуге тиіс, бұл туралы айыптау үкімінің қарар бөлігінде көрсеткен жөн.

11. Соттар қылмыстық теріс қылық жасаған не бірінші рет қылмыс жасаған адамдарға қатысты қылмыстық жазалау шараларын қолданбай-ақ, олардың түзелу және қайта тәрбиелену мүмкіндігі туралы мәселені талқылаулары және ҚК-нің 65-70-баптарында көрсетілген негіздер болған кезде ондай адамдарды қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатулары жөн. Соттың адамды қылмыстық жазалау шараларын қолданбай-ақ түзеуге болатындығы туралы тұжырымы істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті түрде зерттелуге әрі сотталушының жеке басына қатысты мәліметтерге негізделуге тиіс.

12. Соттар ҚК-нің 14-бабының үшінші бөлігіне сәйкес қылмыстардың қайталануын және қауіпті қайталануын тану кезінде алынған және жойылған соттылықтар, сондай-ақ адамның 18 жасқа толғанға дейінгі жасаған қылмыстары үшін соттылықтары есепке алынбайтынын назарда ұстағандары жөн. Сонымен бірге, ҚК-нің 14-бабының екінші бөлігі бойынша қылмыстардың қауіпті қайталануын тану кезінде, адамның ауыр немесе аса ауыр қылмыстар үшін сотталуына байланысты алынбаған немесе жойылмаған соттылықтары ескеріледі.

Бұрынғы соттылықтардың санын анықтай отырып, үкім шығарғанға дейін бірінші іс бойынша жасалған қылмыстар үшін соттылық қылмыстардың жиынтығы бойынша ҚК-нің 58-бабы алтыншы бөлігінің негізінде түпкілікті жаза белгіленіп, бір соттылық болып есептелетінін соттардың назарда ұстағандары жөн.

Соттар заңда көрсетілген соттылықты жою шарттарын ескерулері қажет. Соттың үкімі (қаулысы) бойынша жазаны өтеуден босатылған адам, күзетпен қамауға алу түрінде бұлтартпау шарасының тағайындалуына байланысты қамауда болу мерзіміне қарамастан, ҚК-нің 79-бабының екінші бөлігіне сәйкес, оны жазаны өтеуден босатқан сот актісі заңды күшіне енген сәттен бастап соттылығы жоқ болып танылады.

Бұрын ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасағаны үшін заңды күшіне енген сот үкімі бойынша түзеу мекемесінде өтеуге жататын бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған, оның ішінде бұл жазаны сол адам өтемеген жағдайда (мысалы,



өтеуден жалтарса, ҚК-нің 75-бабының негізінде жазаны өтеуден босатылса), қылмыстың қайталануын немесе қауіпті қайталануын анықтау кезінде адамды бұрын бас бостандығынан айыруға сотталған деп есептеу керек.

Бас бостандығынан айыру шартты түрде тағайындалған (ҚК-нің 63-бабы қолданыла отырып) не үкімді орындауды кейінге қалдыру қолданылған кезде (ҚК-нің 74 және 76-баптары) және осы адам пробациялық бақылау кезеңі ішінде немесе үкімді орындауды кейінге қалдырған кезең ішінде жаңа қылмыс жасағанда не шартты түрде соттаудың немесе үкімді орындауды кейінге қалдырудың күші жойылып осы адам сот үкімі бойынша тағайындалған бас бостандығынан айыру жазасын өтеу үшін тиісті мекемеге жіберілген жағдайда қылмыстың қайталануын тану кезінде адамның ауыр және аса ауыр қылмыстарды жасағаны үшін алынбаған және жойылмаған бұрынғы соттылығы ескерілуге тиіс.

Айыптау үкімінің ескіру мерзімінің өтуіне байланысты ҚК-нің 77-бабына сәйкес жазаны өтеуден босатылған адамдар; шартты түрде(ҚК-нің 63-бабы); немесе үкімді орындау кейінге қалдырылып сотталғандар (ҚК-нің 74 және 76-баптары) бұрын бас бостандығынан айыруға сотталғандар деп есептелмейді.

Сот үкімі бойынша ҚК-нің 42-бабының үшінші бөлігінде және 45-бабының екінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша тағайындалған жаза (түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу және басқалар) бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылса, ондай адамдарды бас бостандығынан айыруға сотталған деп есептеуге болмайды.

Адамды қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін соттау соттылыққа әкеп соқпайды, ал онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстарды жасағаны үшін соттылық қайталануды анықтау кезінде есепке алынбайды.

Қылмыстардың қайталануы және қауіпті қайталануы кезінде жаза ҚК-нің 54-бабы бірінші бөлігінің 1) тармағының және 59-бабының ережелері ескеріле отырып тағайындалады.

13. Адамдар тобы, алдын ала сөз байласқан адамдар тобы болып және қылмыстық топтың құрамында қылмыс жасау неғұрлым қатаң жаза тағайындауға әкеп соғады, сондықтан соттар сыбайлас қатысудың түрін, қылмысқа сыбайлас қатысушыларды және олардың әрқайсысының рөлін дұрыс анықтағандары жөн.

14. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша жаза тағайындаған кезде соттар заңда көрсетілген жеңілрек жазаны неғұрлым ауыр жазаға сiңiру немесе тағайындаған жазаларды толық немесе iшiнара қосу қағидаттары үкімде уәжденуге тиіс екенін ескерулері қажет.

Жеңілрек жазаны неғұрлым ауыр жазаға сiңiру қағидатын қолданған кезде жазалардың қатаңдық дәрежесі ҚК-нің 40-бабында қандай ретпен көрсетілсе, сондай рет бойынша анықталатынын соттардың ескергендері жөн. Жиынтыққа кіретін қылмыстық құқық бұзушылықтың әрқайсысына жазаның бір түрі тағайындалған кезде, олардың ішіндегі мерзімі мен мөлшері көп жаза неғұрлым қатаң жаза болып есептеледі. Егер жиынтыққа кіретін қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін түрі мен мөлшері бойынша бірдей жаза тағайындалса, онда бір жазаны басқа жазаға сiңiру жолымен түпкiлiктi жаза тағайындауға олар қылмыстық заңның тиісті баптарының ең жоғарғы санкциялары шектерінде тағайындалған жағдайда ғана жол беріледі.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы кезінде негізгі және қосымша жазаларды әр қылмыстық құқық бұзушылық үшін жеке тағайындалады, ҚК-нің 50-бабына сәйкес қосымша жазаны тағайындаған кезде дәл осындай әрекет жасалуы қажет, одан кейін ҚК-нің 58-бабына сәйкес түпкiлiктi жаза тағайындалады. Толық қосу кезінде жазалардың мерзімдері мен мөлшерлері ҚК-нің 61-бабының талаптарына сәйкес қосылады. Жазаларды ішiнара қосу кезінде неғұрлым қатаң жазаға жеңiлiрек

жазаның бір бөлігі қосылады. Қосылған жазаның мерзімдері мен мөлшерлері ҚК-нің 58-бабында белгіленген шектерден аспауы керек.

Жазаны қосу немесе сіңіру қағидатын қолдану туралы мәселені шешу кезінде соттар осындай қағидаттардың бірін таңдау кезінде жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың сипатын, қоғамға қауіптілік дәрежесін және мән-жайларын, кінәлі адамның жеке басына қатысты мәліметтерді және жазаны белгілеуге ықпал ететін өзге де фактілерді әрбір нақтылы жағдайда ескерулері қажет.

15. Соттар ҚК-нің 58-бабының алтыншы бөлігінің негізінде үкімдер жиынтығы бойынша жаза тағайындау кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы бойынша түпкілікті жаза алғашқы үкім бойынша тағайындалған жазадан төмен болмауын, себебі мұндай жағдайларда жазаларды сіңірген немесе қосқан кезде алғашқы үкіммен тағайындалған жазаның өтелмей қалған бөлігін емес, жазаның толық мөлшерін негізге алу қажеттілігін ескергендері жөн.

Егер үкім шығарылып қойғаннан кейін сотталған адамның тағы басқа қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін айыпты екені, олардың кейбірлері үкім шығарылғанға дейін, ал басқалары үкім шығарылғаннан кейін жасалғаны анықталса, екінші үкім бойынша жаза ҚК-нің 58-бабымен қатар 60-бабы қолданыла отырып тағайындалады: алдымен алғашқы үкім шығарылғанға дейін жасалған қылмыстар жиынтығы бойынша жаза белгіленеді, одан кейін ҚК-нің 58-бабы алтыншы бөлігінің ережелері қолданылады, одан соң алғашқы үкім шығарылғаннан кейін жасалған қылмыстар жиынтығы бойынша жаза белгіленеді және түпкілікті жаза үкімдер жиынтығы бойынша тағайындалады.

Адам алдыңғы үкім шығарылғанға дейін жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін сотталған жағдайда алдыңғы үкім бойынша барлық өтелген жаза есепке алынады. ҚК-нің 58-бабы алтыншы бөлігінің және 60-бабының негізінде тағайындалған жазаны өтеудің мерзімі, бұлтартпау шарасы немесе ұстау тәртібімен соңғы іс бойынша сотқа дейін күзетпен қамауға алу уақыты есепке алына отырып соңғы үкім шығарылған күннен бастап есептеледі.

Аяқталмаған қылмыс үшін бас бостандығын шектеу түрінде жаза тағайындалып және жазаны өтеуден қасақана жалтарған жағдайда ол бас бостандығынан айыруға ауыстырылған кезде осы жазаның мерзімі мен мөлшері ҚК-нің 56-бабында белгіленген шектерден аспауға тиіс.

Үкімдер жиынтығы бойынша жаза тағайындау кезінде қосу қағидаты ғана қолданылады, осы ретте жаза өзінің мөлшері жағынан соңғы үкім бойынша тағайындалған жазадан да, алғашқы үкім бойынша тағайындалған жазаның өтелмеген бөлігінен де артық болуға тиіс.

16. Үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау кезінде соттар алдыңғы үкім бойынша жазаның өтелмеген бөлігінің түрі мен мөлшерін үкімде көрсетулері қажет, өйткені ҚК-нің 60-бабының негізінде осы жаза жаңа үкім бойынша тағайындалған жазаға толық немесе ішінара қосуға жатады.

Мыналарды алдыңғы үкім бойынша жазаның өтелмеген бөлігі деп есептейді:

шартты түрде сотталған кезде, сондай-ақ ҚК-нің 74-бабында және 76-бабының екінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша жазаны өтеуді орындау кейінге қалдырылған кезде немесе Қылмыстық-процестік кодекстің (бұдан әрі – ҚПК) 475-бабында көзделген тәртіпте немесе ҚК-нің 75-бабының үшінші бөлігі қолданылған кезде – ұсталуына немесе қамауға алу, үй қамауына алу түрінде бұлтартпау шарасын таңдап алуға немесе жазаны орындауға байланысты күзетпен қамауға алудың толық мерзімін не адамның медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануға байланысты емдеу мекемесінде болған уақытты есептемегенде - жазаның бүкіл мерзімі;

ҚК-нің 72-бабында көзделген негіздер бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын жазаны өтеуден босатылған кезде – сотталушы оны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған жазаның бөлігі;

бас бостандығын шектеуге немесе қоғамдық жұмыстарға сотталған кезде – жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасалған күнге дейінгі жазаның өтелмеген бөлігі.

Үкімдер жиынтығы бойынша жаза тағайындау кезінде соттар ҚК-нің 61-бабында көзделген жазаларды қосу қағидаларын ескеруге тиіс.

Егер адам алдыңғы үкім бойынша бас бостандығынан айыруға шартты түрде сотталса және пробациялық бақылау мерзімі ішінде бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалатын жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасаса, онда ҚК-нің 64-бабына сәйкес алғашқы үкім бойынша шартты түрде соттаудың күші жойылған жағдайларда ғана үкімдер жиынтығы бойынша жазалар толық немесе ішінара қосылуы мүмкін.

Адамның шартты түрде соттау туралы алғашқы үкім шығарылғанға дейін жасалған қылмысқа қатысты кінәсі анықталған жағдайларда және шартты түрде соттаудың күшін жою үшін негіздер болмаған кезде немесе бірнеше үкімдер бойынша тағайындалған жазалар ҚК-нің 61-бабына сәйкес қосуға жатпаса, әр үкім бойынша жазаның дербес орындалатыны туралы үкімде көрсетуге тиіс.

17. Жазаларды қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша немесе үкімдердің жиынтығы бойынша толық немесе ішінара қосқан кезде соттар ҚК-нің 61-бабында белгіленген жаза мерзімдерін қосу кезінде мерзімдерді айқындау тәртібін сақтағандары жөн. Бұл баптың мәні бойынша бұрынғы үкім бойынша тағайындалған өтелмеген қосымша жаза жаңа үкім бойынша тағайындалған түпкілікті негізгі жазаға толық немесе ішінара қосылады не қосымша жазаның дәл осы түрі үшін белгіленген мерзім шегінде жаңа үкім бойынша тағайындалған дәл сондай қосымша жазаға толық немесе ішінара қосылады. ҚК-нің 61-бабының екінші бөлігінде көрсетілген жазалар бөлек орындалады.

Егер алғашқы үкім бойынша адамға бас бостандығынан айыру, түзеу жұмыстары немесе орындалуға жататын өзге де жаза тағайындалып, ал екінші үкім бойынша ҚК-нің 63-бабы қолданылып шартты жаза тағайындалса, онда сот жазалар қосылатын бұндай жағдайларда, олардың бөлек орындалатынын үкімде көрсетуге міндетті.

18. Егер сотталған адам бұрынғы үкім бойынша жазаны орындауды кейінге қалдырған кезеңде жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасаса, сот жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін тағайындалған жазаға, ҚК-нің 60-бабына сай, бұрынғы үкім бойынша өтелмеген жазаны толық не ішінара қосуға тиіс. Осы ретте алғашқы үкімді орындауды кейінге қалдырудың күшін жою туралы қаулы шығару талап етілмейді.

Жазаны өтеуді кейінге қалдыру мерзімі өткеннен кейін және сотталушыны ҚК-нің 74-бабының үшінші бөлігіне сай жазасын өтеу үшін тиісті мекемеге жіберу туралы соттың қаулысы заңды күшіне енген соң жаңа қылмыс жасалса, сот жаңа қылмыс үшін жазаны белгілеп, ҚК-нің 60-бабында көзделген үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау қағидаларын қолдануға міндетті.

Егер жаңа іс бойынша үкім қабылданған сәтке дейін, үкімді орындауды кейінге қалдыру мерзімі өткеннен кейін сотталушыны жазасын өтеуден босату немесе оны жазасын өтеу үшін тиісті мекемеге жіберу туралы мәселені сотта шешпесе, сот жаңадан жасалған қылмыс үшін ғана жаза тағайындайды. Мұндай жағдайларда орындалмаған басқа үкімдер болған кезде үкімді орындау туралы мәселе ҚПК-нің 476-478-баптарында көзделген тәртіпте шешілуі мүмкін.

19. Қосымша жазалар сотталушыны кінәлі деп танитын ҚК-нің бабында белгіленген шектерде тағайындалады. Егер қосымша жаза ҚК-нің 49 немесе 50-бабының негізінде қолданылса, оның мерзімі жазаның осы түрі үшін заңмен

белгіленген шектерден аспауы керек.

Қылмыстық заң бабының санкциясы қосымша жазаны қолдану немесе қолданбау мүмкіндігін көздеген жағдайларда, соттар оны тағайындау туралы мәселені талқылауға және қабылданған шешімнің себебін үкімде көрсетуге міндетті. Мұндай жағдайларда қосымша жазаны қолданбау үкімнің қарар бөлігінде көрсетілмейді.

Қосымша жаза қолдануды міндетті деп табатын қылмыстық заңның баптары бойынша адамды соттаған кезде, сот оны ҚК-нің 55-бабында көрсетілген шарттар болған жағдайда ғана қабылданған шешімнің уәждерін үкімде міндетті түрде көрсетіп тағайындамауы мүмкін.

20. Мүлікті тәркілеу сотталушыны кінәлі деп таныған ҚК-нің бабының санкциясында қосымша жаза ретінде көзделген жағдайларда ғана тағайындалуы мүмкін. Тәркілеуге жататын мүлік үкімде анық көрсетілуге тиіс. Тәркілеу сотталғанның меншігінде тұрған, заңсыз тәсілмен табылған не заңсыз тәсілмен табылған қаражатқа сатылып алынған мүлікке ғана аударылуы мүмкін.

Мүлікті, оның ішінде үшінші тұлғаларға ресімделген мүлікті тәркілеу туралы мәселені шешу кезінде соттар осы мүліктің және мүлік сатылып алынған қаражаттың шығу тегін айғақтайтын дәлелдемелерді тексеруге міндетті. Мүліктің және ақшалай қаражаттың қылмыстық жолмен табылмағаны анықталған кезде сот қабылданған шешімде уәждерді келтіріп олардың тағдыры туралы мәселені шешуге міндетті.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексіне қоса берілген қосымшада көрсетілген мүлікке тәркілеуді қолдануға болмайды.

Егер ҚК-нің Ерекше бөлімі бабының санкциясы тәркілеуді міндетті қосымша жаза ретінде қарастырған жағдайда, алайда адам қылмысты кәмілетке толмаған кезде жасаса не шартты түрде соттау орын алса, онда ҚК-нің Жалпы бөлімінің ережелері ескеріле отырып, мүлікті тәркілеу қосымша жаза ретінде қолданылмайды. Осы шешім ҚК-нің тиісінше 48-бабына, 63-бабының төртінші бөлігіне немесе 81-бабына сілтеме жасалып, сот үкімінің сипаттау-дәлелдеу бөлімінде уәжденуге тиіс. Мұндай жағдайларда ҚК-нің 55-бабына сілтеме жасау талап етілмейді.

ҚК-нің 48-бабын қолданысқа енгізу мерзімі (2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап) туралы ереже ҚК-нің Ерекше бөлімінің санкцияларының және ҚПК-нің 15-бөлімі нормаларына сәйкес мүлікті тәркілеуді қолданудың барлық жағдайларына қолданылады. Осыған байланысты ҚК-нің 467-бабы үшінші бөлігінің 1) тармағына сәйкес, 1997 жылғы 16 шілдедегі редакциядағы ҚК-нің 51-бабы 2018 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданылады.

21. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру қосымша жаза ретінде қылмыстық құқық бұзушылықты саралаған ҚК-нің Ерекше бөлігінің бабында жаза ретінде көзделмесе де тағайындалуы мүмкін. Мұндай жағдайда үкімнің қарар бөлігіндегі қосымша жаза тағайындау туралы шешімде тиісінше ҚК-нің 49-бабына немесе 50-бабына сілтеме жасалуға тиіс.

Сот адамды қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін соттаған кезде үкімді шығарумен бірге ҚК-нің 50-бабының екінші бөлігінің негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің атына сотталушыны мемлекеттік наградалардан немесе Қазақстан Республикасы Президенті тағайындаған құрметті, әскери, арнайы атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан айыру жөнінде ұсыныс енгізу туралы мәселені қарауға тиіс. Награданы мемлекеттік награда екенін анықтау үшін «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік наградалары туралы» 1995 жылғы 12 желтоқсандағы № 2676 Қазақстан



Республикасының Заның басшылыққа алу қажет.

25. Если судом первой инстанции при назначении наказания по совокупности преступлений применен принцип частичного сложения наказаний, назначенных за каждое преступление, суды, рассматривающие жалобы и протесты на приговоры, постановления не вправе применять принцип полного сложения наказаний даже и в тех случаях, когда этими судебными инстанциями смягчается наказание за одно или несколько преступлений, входящих в совокупность.

Если судом первой инстанции при назначении наказания по совокупности приговоров, применение принципа поглощения одного наказания другим допущено в нарушение закона или из-за невозможности присоединения неотбытой части наказания в соответствии с правилами части второй статьи 60 УК, суды, рассматривающие жалобы и протесты на приговоры, постановления, в случае смягчения наказания по последнему приговору вправе частично или полностью присоединить неотбытое наказание по предыдущему приговору при условии, что окончательное наказание не будет превышать размера наказания, назначенного по приговору с учетом изменений, внесенных в него последующими инстанциями.

При переквалификации деяния с одной статьи на несколько статей уголовного закона, предусматривающих ответственность за менее тяжкое преступление, когда это не ухудшает положение осужденного и не нарушает его право на защиту, суды, рассматривающие жалобы и протесты на приговоры и постановления, решая вопрос о наказании, применяют правила статьи 58 УК. При этом окончательное наказание не должно быть строже наказания, назначенного приговором.

26. В случае, когда лицом совершено два или более преступления, которые образуют неоднократность, но судом первой инстанции ошибочно квалифицированы по двум и более статьям (частям статьи), дав правильную юридическую оценку деяния по одной статье и ошибочно квалифицировав некоторые деяния по другой статье, предусматривающей ответственность за более тяжкое преступление, суды, рассматривающие жалобы и протесты на приговоры, постановления, переквалифицировав соответствующие преступные действия на статью о менее тяжком преступлении, вправе в пределах ее санкции определить более строгое наказание, чем то, которое назначалось по ней судом первой инстанции, не превышая, однако, при этом окончательного размера наказания, назначенного приговором. Суды, рассматривающие жалобы и протесты на приговоры, постановления, не вправе назначать дополнительное наказание, если оно не было назначено приговором, и

в случае переквалификации преступления на статью закона, предусматривающую обязательное его применение.

27. Признать утратившими силу:

1) нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан № 1 от 30 апреля 1999 года «О соблюдении судами законности при назначении уголовного наказания»;

2) нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан № 15 от 19 октября 2001 года «О некоторых вопросах назначения наказания в виде лишения свободы»;

3) нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан № 8 от 28 октября 2005 года «О внесении изменений в нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан № 15 от 19 октября 2001 года «О некоторых вопросах назначения наказания в виде лишения свободы»»;

4) нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан № 9 от 25 декабря 2007 года «О внесении изменений в постановление Пленума Верховного Суда Республики Казахстан № 1 от 30 апреля 1999 года «О соблюдении законности при назначении уголовного наказания»»;

5) нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан № 9 от 22 декабря 2008 года «О внесении изменений в нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан № 1 от 30 апреля 1999 года «О соблюдении судами законности при назначении уголовного наказания»»;

6) нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан № 16 от 22 декабря 2008 года «О внесении изменения в нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан № 15 от 19 октября 2001 года «О некоторых вопросах назначения наказания в виде лишения свободы»»;

7) пункт 7 нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан № 12 от 25 декабря 2006 года «О внесении изменений и дополнений в некоторые постановления Пленума и нормативные постановления Верховного Суда Республики Казахстан»;

8) пункты 3, 5 нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан № 1 от 21 апреля 2011 года «О внесении изменений и дополнений в некоторые нормативные постановления Верховного Суда Республики Казахстан».

28. Согласно статье 4 Конституции Республики Казахстан настоящее нормативное постановление включается в состав действующего права, является общеобязательным и вводится в действие со дня официального опубликования.

**Председатель  
Верховного Суда  
Республики Казахстан**

**К. Мами**

**Судья  
Верховного Суда Республики Казахстан,  
секретарь пленарного заседания**

**К. Шаухаров**

**«Авторлық құқық және сабақтас құқықтарды қорғау жөніндегі кейбір заң нормаларын соттардың қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 25 желтоқсандағы № 11 нормативтік қаулысының мәтіні (2015 жылғы 25 маусымдағы өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге)**

Сот тәжірибесінде авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы кейбір заң нормаларын біркелкі түсіну және дұрыс қолдану мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы

**қаулы етеді:**

*ҚР Жоғарғы Сотының 25.06.2015 ж. № 3 нормативтік қаулысымен 1-тармақ жаңа редакцияда*

1. Ғылым, әдебиет және өнер (авторлық құқық) туындыларын, қойылымдар, орындаулар, фонограммалар, эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдарының хабарларын жасауға және пайдалануға байланысты туындаған қатынастар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексімен (бұдан әрі - АК), «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі - Заң) және өзге де нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген ережелерге қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының авторлық және сабақтас құқықтарды қорғауды күшейтетін заң актілері қолданылады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы осы құқықтық қатынастарды реттейтін мына халықаралық шарттардың қатысушысы болып табылады:

Әдеби және көркем туындыларды қорғау жөніндегі Берн конвенциясы (Берн, 1886 жылғы 9 қыркүйек, «Қазақстан Республикасының Әдеби және көркем туындыларды қорғау жөніндегі Берн конвенциясына қосылуы туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 қарашадағы № 297-1 Заңы);

Фонограмма жасаушылардың мүдделерін олардың фонограммаларын заңсыз көшіріп көбейтуден қорғау жөніндегі конвенция (Женева, 1971 жылғы 29 қазан, «Қазақстан Республикасының Фонограмма жасаушылардың мүдделерін олардың фонограммаларын заңсыз көшіріп көбейтуден қорғау жөніндегі конвенцияға қосылуы туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 маусымдағы № 54-II Заңы);

Дүниежүзілік авторлық құқық туралы конвенциясы (Женева, 1952 жылғы 6 қыркүйек, Қазақстан Республикасында бұрынғы КСРО-ның халықаралық міндеттемелері мен шарттарын құқықтық иелену тәртібімен қолданылады, КСРО үшін 1973 жылғы 27 мамырда күшіне енді.);

Фонограмма орындаушылардың, өндірушілердің және хабар тарату ұйымдарының құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенция (Рим, 1961 жылғы 26 қазан, «Орындаушылардың, фонограмма жасаушылардың және хабар тарату ұйымдарының құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 17 ақпандағы № 563-IV Заңы);

Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының шығармалардың кейбір түрлеріне жекелеген құқықтарды қорғауға қатысты авторлық құқық жөніндегі шарты (Женева, 1996 жылғы 20 желтоқсан, «Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының авторлық құқық жөніндегі шартына қосылуы туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 16 сәуірдегі № 547-II Заңы);

Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының орындаушылықтар мен фонограммалар жөніндегі шарты (Женева, 1996 жылғы 20 желтоқсан, «Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының орындаушылықтар мен фонограммалар жөніндегі шартына қосылуы туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 16 сәуірдегі № 546-ІІ Заңы).

2. Авторлық құқықтар АҚ 972-бабында, Заңның 7-бабында көрсетілген ғылым, әдебиет және өнер туындылары түрлерінің автордың (тең авторлардың) санаткерлік шығармашылық еңбегімен объективтік нысанда жасалу фактісіне қарай туындайды және туындының уәкілетті мемлекеттік органда тіркелген-тіркелмегеніне қарамастан қолданылады.

Авторлық құқықтар туындының мазмұны мен маңызына, берілу әдісі мен нысанына, сондай-ақ, халыққа жария етілген-етілмегеніне қарамастан қолданылады.

Егер туындының бөлігі (атауы, кейіпкерлердің аттары) шығармашылық жұмыстың нәтижесі болып табылса және оны дербес пайдалану мүмкін болса, онда авторлық құқықтар тұтастай туындыға ғана емес, оның осы бөлігіне де жүреді.

Ауызша нысандағы туындыға авторлық құқық ол көпшілік алдында айтылған (орындалған) жағдайда ғана қолданылады.

3. Авторға техникалық көмек көрсеткен (басу, түзету және т.б.) тұлғалар туындының тең авторлары болып таныла алмайды.

АҚ 974-бабында және Заңның 8-бабында көрсетілген объектілер, сондай-ақ идеялар, әдістер, процестер, тәсілдер, тұжырымдамалар, принциптер, жаңалықтар, фактілер авторлық құқықтың объектілеріне жатпайды және құқықтық қорғалумен қамтамасыз етілмейді.

*ҚР Жоғарғы Сотының 25.06.2015 ж. № 3 нормативтік қаулысымен 4-тармақ өзгертілді*

4. Авторлық құқықтар құрамына:

- автордың АҚ 977-бабында және Заңның 15-бабында көрсетілген жеке мүліктік емес құқықтары кіреді. Бұл құқықтар (авторлық құқық, авторлық есімге құқық, халыққа жария ету құқығы, туындыны кері қайтарып алу және оған қол сұқпаушылық құқығы) иеліктен шығарылмайды. Автордың мұрагерлері немесе автор өзінің мүліктік емес құқықтарын қорғауды жүктеген тұлға, сондай-ақ мұрагерлер болмаған жағдайда уәкілетті мемлекеттік орган, автордың осы құқықтарын АҚ-нің 187-бабының 1) тармақшасына сәйкес қандай да бір талап беру мерзімінің ескіруімен шектелусіз қорғауды жүзеге асыруға құқылы.

- АҚ 978-бабында және Заңның 16-бабында көрсетілген мүліктік (айрықша) құқықтар кіреді. Бұл құқықтар бұзылған жағдайда оны автор, сондай-ақ оның мұрагерлері, автордың нақты немесе барлық мүліктік құқықтары авторлық шарт бойынша берілген тұлғалар, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік орган Заңның 49-бабының бірінші тармағында қарастырылған тәсілдермен қорғай алады. Автордың мүліктік құқықтарын қорғау туралы талаптарға АҚ 178-бабының бірінші тармағында қарастырылған жалпы талап қою мерзімінің ескіруі қолданылады.

5. Автордың мүліктік (айрықша) құқықтары оның бүкіл өмірі бойы және қайтыс болғаннан кейін жетпіс жыл бойы күшін сақтайды. Бұл мерзім туындының аяқталған-аяқталмағанына, біртұтас немесе жеке бөліктерден тұратындығына қарамастан автордың кез келген шығармасына қолданылады.

Тең авторлардың мүліктік (айрықша) құқықтары әр тең автордың бүкіл өмірі бойы және басқа тең авторлардан ұзақ өмір сүрген автор қайтыс болғаннан кейін жетпіс жыл бойы күшін сақтайды.

Автор (тең авторлар) қайтыс болған жағдайда автордың (тең авторлардың) мүліктік (айрықша) құқықтарының күшіне ену мерзімі автор (соңғы тең автор)



қайтыс болған жылдан кейінгі жылдың бірінші қаңтарынан бастап саналады.

Егер туынды авторының (тең авторлардың) бұрын АҚ 982-бабының бірінші тармағында және Заңның 28-бабының бірінші тармағында қарастырылған мүліктік (айрықша) құқықтарын қорғаудың елу жылдық мерзімі 2005 жылғы 26 қарашаға дейін («Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік құқықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қарашадағы № 90-ІІІ Заңының ресми жарияланған күні) өтіп кетсе, онда бұл құқықтарды қорғаудың жетпіс жылдық мерзімі қолданылмайды.

6. Жасырын немесе бүркеншік атпен жария етілген туындыға автордың мүліктік (айрықша) құқықтары ол заңды түрде халыққа жария етілген күннен кейін жетпіс жыл бойы күшін сақтайды.

Автордың немесе оның мұрагерлерінің келісімімен туындыны жариялау, көпшілік алдында орындау, көпшілікке көрсету, эфир, оның ішінде кабель бойынша хабарлау туындыны заңды түрде халыққа жария ету деп танылады.

Егер жасырын немесе бүркеншік атпен халыққа жария етілген туындының авторы жетпіс жылдың ішінде өзінің шын есімін ашса немесе оның кім екені күмән тудырмаса, онда автордың мүліктік (айрықша) құқықтары оның өмірі бойы және қайтыс болғаннан кейін жетпіс жыл бойы күшінде болады.

7. Автор қайтыс болғаннан кейін отыз жыл ішінде бірінші рет жарыққа шығарылған (жария етілген) туындыға автордың мүліктік (айрықша) құқығы туынды жарыққа шығарылғаннан кейін жетпіс жыл бойы күшінде болады.

Автордың мұндай құқығының күшіне ену мерзімі туынды жарыққа шыққаннан кейінгі жылдың бірінші қаңтарынан бастап есептеледі.

Егер туындының авторы қуғын-сүргінге ұшырап, қайтыс болғаннан кейін ақталса, онда жасалған туындыларға автордың мүліктік (айрықша) құқықтарын қорғау мерзімі ақталған жылдан кейінгі жылдың бірінші қаңтарынан бастап жетпіс жыл бойы күшінде болады.

8. Автордың мүліктік (айрықша) құқығын қорғау мерзімінің өтуі туындының қоғамдық игілікке айналғанын білдіреді.

Туынды қоғамдық игілікке айналған кезде оны кез келген адам авторлық сыйақы төлемей, авторлық құқық, автор есімінің құқығы мен оның беделін қорғау құқығын сақтай отырып пайдалана алады.

9. Авторлық құқықтың және (немесе) сабақтас құқықтардың объектілері нақтыланбай, автордың немесе туындыны орындаушының мүліктік (айрықша) құқықтарының заң бойынша немесе өсиетпен бірнеше мұрагерге ауысуы автордың барлық туындыларына және (немесе) сабақтас құқықтардың объектілеріне бірлесіп қолдану құқығы пайда болғанын көрсетеді. Бұл ретте жеткілікті негізі болмаса мұрагерлердің бірде біреуі туындыны пайдалануға тыйым салуға құқылы емес. Туындыны пайдаланғаны үшін төленетін сыйақы мұрагерлерге мұрадағы үлесіне сәйкес бөлінеді.

10. Авторлық құқық туынды түсірілген материалдық объектіге меншік құқығымен байланысты емес. Материалдық объектіге құқықтың берілуі туындыны пайдалануға мүліктік құқықтың берілуіне әкеп соқпайды.

11. Автордың өзі немесе оның мұрагерлері авторлық шарт бойынша толық немесе ішінара берген мүліктік (айрықша) құқықтарды басқа жеке немесе заңды тұлғалар бұзған жағдайда, осы құқықты иеленушілер авторлық шартта қарастырылған тәсілмен, құқық бұзушының туындыны пайдалануына тыйым салу туралы өз атынан талап қою арқылы оны қорғай алады.

Егер автордың мүліктік (айрықша) құқықтарын авторлық шарт бойынша

иеленген адам бұзылған құқықтарды қорғауды жүзеге асырмаса, онда мұны автор немесе оның мұрагерлері өз бетімен жүзеге асыра алады.

12. Автор немесе оның мұрагерлері, сондай-ақ қызметтік туындыға мүліктік құқықты иеленуші - жұмыс беруші авторлық шарт бойынша басқа тұлғаларға мүліктік (айрықша) құқықтарын бере алады, мұндай авторлық шарттың мазмұны мен нысаны Заңның 32-бабында қарастырылған.

Автордың болашақта жасалуы мүмкін туындыларына қатысты мүліктік (айрықша) құқықтар авторлық шарт бойынша беріле алмайды.

Автордың болашақта нақты тақырыпқа немесе ғылым, әдебиет немесе өнердің нақты салаларында туындылар жасау құқықтарын шектейтін, сондай-ақ Заңның ережелеріне қайшы келетін авторлық шарт талаптары жарамсыз болып табылады.

*ҚР Жоғарғы Сотының 25.06.2015 ж. № 3 нормативтік қаулысымен 13-тармақ өзгертілді*

13. Орындаушылар, фонограмма жасаушылар, эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдары қойылымдарға, орындауларға, фонограммаларға, эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдарының хабарларына тиісінше Заңның 37, 38, 39 және 40-баптарында көзделген мүліктік емес және мүліктік сабақтас құқықтарды иеленеді.

Мүліктік емес сабақтас құқықтар иеліктен шығарылмайды.

Орындаушының (мысалы, актер, әнші, биші, музыкант, эстрадалық, цирк немесе куыршақ қойылымдарының орындаушысы, дирижер, қоюшы-режиссер) туындыны қайта орындауға, фонограмма жасаушының фонограмманы қайта жасауға және таратуға немесе эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдарының хабарларды пайдалануға мүліктік сабақтас құқықтары лицензиялық шарттың негізінде басқа тұлғаларға толық немесе ішінара берілуі мүмкін.

Бұл ретте туындыны орындау, фонограмма жасау немесе қойылымдар әзірлеу барысында техникалық жұмыстарды жүзеге асыратын жарық берушілер, дыбыс өңдеушілер және басқа да тұлғалар мүліктік сабақтас құқықтарды иеленбейді.

Заңның 2-бабының 18), 19) тармақшаларына сәйкес, қайта шығару деп туындылардың немесе сабақтас құқықтар объектілерінің бір немесе одан да көп тұрақты немесе уақытша даналарын кез келген тәсілмен және кез келген түрде, толық немесе ішінара, тікелей немесе жанама түрде дайындау түсіндірілсін. Осы ретте екі өлшемдік немесе үш өлшемдік туындының бір немесе одан да көп даналарын дайындау, сондай-ақ туындыларды немесе сабақтас құқықтар объектілерін кез келген материалдық нысанда, оның ішінде ашық ақпараттық-коммуникациялық желіде кез келген тұрақты немесе уақытша сақтау қайта шығару түрлері болып табылады.

Көшірмелеу немесе репрографиялық қайта шығару деп жазбаша және басқа да графикалық туындылар түпнұсқаларының немесе көшірмелерінің фотокөшірме жолымен немесе басып шығарудан өзге басқа да техникалық құралдар, соның ішінде басып шығару, сканерлеу, цифрлық көшіру арқылы кез келген мөлшерде және нысанда бір немесе одан да көп данасын факсимильдік қайта шығару түсініледі.

*ҚР Жоғарғы Сотының 25.06.2015 ж. № 3 нормативтік қаулысы 13-1 тармақпен толықтырылды*

13-1. Авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар нысандарын телекоммуникация желілерінде, атап айтқанда, Интернет желісінде орналастыру, осы нысандарды Заңның 16-бабы 2-тармағының 10-1) тармақшасына сәйкес, туындыны жалпы жұрттың назарына жеткізу түрінде пайдалану болып табылады. Мәселен, егер белгісіз адамдар тобы жазбаны жасаған адамның бастамасы бойынша осы туындыға немесе сабақтас құқықтар объектісіне қол жеткізсе, туындыны немесе сабақтас құқықтар объектісін электрондық-есептеу машинасының жадына жазу пайдалану болып табылады. Осындай пайдаланудың нәтижесінде Заңды бұзып

жасалған (алынған) туындылардың даналары немесе сабақтас құқықтар объектілері контрафактілік болып табылады.

Осындай әрекеттерді жасаған адамдар авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды бұзушылар деп танылады.

*ҚР Жоғарғы Сотының 25.06.2015 ж. № 3 нормативтік қаулысымен 14-тармақ өзгертілді*

14. Егер шарттың тараптары осындай тіркеуді қарастырған жағдайда ғана авторлық шарт екіжақты мәміле ретінде уәкілетті мемлекеттік органда тіркелуі мүмкін.

Авторлық немесе лицензиялық шарт бойынша ауыспаған мүліктік (айрықша) құқықтар берілген болып саналмайды.

Авторлық немесе лицензиялық шарттың негізінде берілген мүліктік (айрықша) құқықтарды иеленушілер аталған шарттарда осындай жол берушілік қарастырылған жағдайда ғана және шарттарда көрсетілгеннен аспайтын мерзім мен көлемде осы құқықтарды үшінші тұлғаларға беруі мүмкін.

Заңның 32-бабының 1-тармағында көзделген авторлық шарттың елеулі талаптарын бұзу, аталған әрекеттер автор берген өкілеттіктер шегінен тыс жүзеге асырылатындықтан авторлық құқықты бұзу болып табылады. Ерекше құқықтарды беру туралы шарттың елеулі талаптары бұзылып дайындалған және (немесе) таратылған туындылар мен фонограммалардың даналары контрафактілік болып табылады. Атап айтқанда, егер қайта шығару шартта көрсетілген тираждан асып кетсе, онда тираждың асып кетуін авторлық құқықты немесе сабақтас құқықтарды бұзу деп қарастырған жөн.

15. Егер туынды қызметкердің қызмет бабындағы міндеттерін орындау, жұмыс берушінің қызметтік тапсырмасын орындау тәртібі бойынша жасалса, онда автордың мүліктік емес жеке құқығын қызметкер иеленеді. Егер туынды жұмыс уақытында жасалса немесе жұмыс берушінің мүлкі қолданылып жасалса, бірақ осы тармақта көрсетілген белгілерге сәйкес келмесе, онда ол қызметтік болып саналмайды.

Қызметтік туындыны пайдаланғаны үшін авторлық сыйақы төлеудің көлемі мен тәртібі автор мен жұмыс берушінің арасындағы шартпен белгіленеді. Мұндай шарт азаматтық-құқықтық сипатта болады және оған АҚ 23-тарауында белгіленген ережелер қолданылады.

Алайда жұмыс берушімен жасалған шартқа қарамастан, туындыны пайдалану және авторлық сыйақы алу құқығы туынды ұсынылғаннан кейін он жыл өткен соң, ал жұмыс берушінің келісімімен одан да ерте қызметкерге толық көлемде көшеді.

16. Өзге дәлелдер болмаған жағдайда түпнұсқада немесе туындының данасында автор ретінде көрсетілген адам туындының авторы болып саналады.

Егер оның құрамдас бөліктерін дербес пайдалануға болмаса, онда тең авторлықпен жасалған туынды бөлінбейтін біртұтас болып саналады. Егер туынды осындай бөлінбейтін біртұтас болса, онда тең авторлардың бірде бірі немесе кез келген тең автордың мұрагері жеткілікті негіз болмаса осындай біртұтас туындыны заң актілерінде қарастырылған тәсілдермен пайдалануға тыйым салуға құқылы емес.

Бөлінбейтін біртұтас туындыға тең авторлық туралы дауларды сот, осындай туынды жария етілген сәттегі тең авторлықты тану фактісін ескере отырып шешеді.

Тең авторлардың бірлескен шығармашылық еңбегімен жасалған және әрқайсысы өз алдына жеке мәнге ие бөліктерден тұратын туынды тең авторлығы бөлек туындыларға жатады. Авторлардың арасындағы келісімде өзгеше қарастырылмаса, олардың әрқайсысы туындының өзі жасаған дербес мәні бар бөлігін қалауы бойынша дербес пайдалана алады.

17. Әртүрлі авторлардың туындыларынан және басқа да материалдардан

тұратын, құрастырушының шығармашылық еңбегінің нәтижесінде әр туынды авторының құқығы сақтала отырып іріктелген және (немесе) белгілі бір тәртіппен орналастырылған жинақ құрама туынды болады. Егер жинақты құрастырушымен жасалған авторлық шартта өзгеше қарастырылмаса, жинаққа енгізілген туындылардың авторлары өз туындыларын құрама туындыға қарамастан дербес пайдалануға құқылы.

Жарыққа шыққан энциклопедияларды, ғылыми еңбектер жинақтарын және басқа да мерзімді басылымдарды пайдалануға айрықша құқық баспагерге беріледі, алайда мұндай басылымдарға енгізілген туындылардың авторлары өз туындыларын тұтас басылымға қарамастан пайдалануға айрықша құқықтарын сақтап қалады.

18. Егер дыбыс-бейнежазу туындысы (кинофильм, бейнефильм және Заңның 2-бабының 4-тармағында көрсетілген өзге де туындылар) кинотеатрларда немесе өзге де еркін кіруге ашық орындарда, не отбасының дағдылы ортасына жатпайтын адамдар болған жерлерде көрсетілсе, жария орындалған болып саналады.

Отбасының дағдылы ортасына өзара туысқандық қарым-қатынастағы адамдарды ғана емес, аталған туысқандармен қарым-қатынастарының сипаты оның ұзақтығын, сенімге құралғанын көрсететін немесе басқа да ортақ мүдделері бар екенін айғақтайтын адамдарды жатқызу қажет.

Кино, бейнефильмдерге, спектакльдерге, диафильмдерге, слайдфильмдерге және осыған ұқсас туындыларға арнайы жазылған музыкалық туындылардың авторлары (мәтінмен немесе мәтінсіз) әрбір жария көрсетулер сайын өздерінің музыкалық туындыларының жария орындалғаны үшін сыйақы алуға құқылы. Бұрын жазылған, кейіннен дыбыс-бейнежазу туындысына, спектакльге енгізілген музыкалық туындылардың авторлары да осындай құқыққа ие болады.

19. Аударма, қайта жасау, музыкалық әуендеу немесе басқадай қайта өңдеу нәтижесінде жасалған туындылар туындатылған шығармаларға жатады.

Туындатылған шығарманы негізгі туынды авторының авторлық құқығын не мұрагерлердің немесе автордың мүліктік құқықтарын иеленушілердің мүліктік құқықтарын бұза отырып азаматтық айналымға енгізу Қазақстан Республикасының заң актілерінде қарастырылған жауапкершілікке әкеп соғады.

20. Туынды авторының келісімімен жариялау, көпшілікке көрсету, көпшілік алдында орындау, баршаның назарына жеткізу, туындының даналарын сатып алу-сату мәмілелерін жасау және өзге де тәсілдер арқылы туындыны тұңғыш рет белгісіз адамдардың ортасына шығаруды туындыны заңды жария ету (азаматтық айналымға енгізу) деп түсіну керек.

Туындыны жасырын немесе бүркеншік атпен жариялағанда баспагер автордың өкілі болып саналады және автордың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асырады. Баспагер автордың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға талап келтіргенде арызға баспагердің атауы көрсетілген туынды данасын тіркейді. Автор мен баспагердің қарым-қатынастарын белгілейтін авторлық шартта туынды авторының шын есімі көрсетіледі. Аталған шарт сот отырысында зерттелмейді. Егер қойылған талап негізді болып, автор сот отырысы аяқталғанға дейін өзінің есімін аян етпесе, сот баспагердің талабын қанағаттандыру жөнінде шешім қабылдайды.

21. Заңның 18-бабының бірінші тармағында, 19, 20, 21, 22, 23, 24 және 25-баптарында қарастырылған жағдайларда, заңды түрде халыққа жария етілген туынды автордың келісімінсіз және авторлық сыйақы төленбей пайдаланылуы мүмкін.

22. Фонограмма жасаушының және орындауы фонограммаға жазылған орындаушының келісімінсіз туындыны техникалық құралдарды қолдану арқылы бар, дәмхана, мейрамхана және басқа да көпшілік орындарында жария орындауға



жол беріледі, егер туынды отбасының дағдылы ортасына жатпайтын адамдардың қатысуымен және табыс түсірілмей орындалса, онда авторлық сыйақы төленеді. Туынды орындалған кезде қатысқан адамдар отбасының дағдылы ортасына жататын-жатпайтыны туралы мәселені шешкен кезде тек туысқандық қарым-қатынастардың бар-жоғы ғана емес, жеке байланыстар, қарым-қатынастардың мерзімі және сипаты, сондай-ақ өзге де мән-жайлар (үйлену тойы, мерейтой немесе өзге салтанатты шара екені және тағы басқа) назарға алынуы қажет.

Көрсетілген көпшілік алдында орындау түрі үшін «Туындыларды пайдаланудың кейбір түрлері үшін төленетін авторлық сыйақының ең төменгі ставкаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 қазандағы № 1083 қаулысында қарастырылған мөлшерде авторлық сыйақы төленеді. Бұл жағдайда орындаушы немесе фонограмма жасаушы Заңның 49-бабында қарастырылған өтемақыны өндіру құқығын иеленбейді.

*ҚР Жоғарғы Сотының 24.12.2014 ж. № 3 нормативтік қаулысымен; 25.06.2015 ж. № 3 нормативтік қаулысымен 23-тармақ өзгертілді*

23. Автордың, орындаушының, фонограмма жасаушының, эфирлік және кабельдік хабарлар ұйымдастырушыларының жеке мүліктік емес немесе мүліктік (айрықша) құқықтары бұзыла отырып әзірленген, таратылған немесе басқаша жолмен пайдаланылған авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілерінің даналарын, не авторлық құқық және сабақтас құқықтардың заңды түрде жарияланған объектілерінің автор немесе сабақтас құқық иесі туралы ақпарат алынып тасталған немесе заңсыз енгізілген даналарын туындының, дыбыс-бейнежазу туындылары фонограммаларының, эфирлік және кабельдік ұйымдардың хабарларының контрафактілік даналары деп түсіну қажет. Контрафактілік даналарға, сондай-ақ туынды немесе фонограмманың авторлық немесе лицензиялық шартта қарастырылған данадан (тираждан) артық шығарылған, шартта қарастырылған аумақтан тыс жерде таратылған, аталған шарттарда қарастырылмаған материалдық заттарда дайындалған даналары, сондай-ақ авторлық және сабақтас құқықтардың басқа объектілері оларға заңсыз енгізілген туындылар немесе фонограммалар жатады.

Қылмыстық жауапкершілікке әкеліп соғатын авторлық және сабақтас құқықтардың бұзылу фактісі анықталып, келтірілген зиянның көлемін, ірі мөлшердегі зиянның бар-жоғын анықтаған кезде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 3-бабының 2) және 38) тармақтарында түсіндірулерді ескеру қажет.

Туындылардың және (немесе) фонограммалар даналарының контрафактілігі құқықтық ұғым болып табылады, сондықтан туындылардың немесе фонограммалар даналарының контрафактілігі туралы мәселе сарапшының алдына қойылуы мүмкін емес. Авторлық құқықтың және (немесе) сабақтас құқықтардың объектілерін зерттеу қажеттілігіне байланысты сараптаманы тағайындаған кезде соттар құқық иеленушілермен еңбек немесе шарттық қатынастардағы адамдарды сарапшылар немесе мамандар ретінде тартуға жол бермеу туралы талапты сақтауға тиіс. Тек құқық иеленушіге ғана белгілі авторлық және сабақтас құқықтың объектілерін қорғаудың арнайы түрлері (дискілердегі, көркем туындылардағы арнайы белгілер және т.б.) туралы ақпарат алу қажет болған жағдайда оның қызметкерлері және онымен байланыстағы өзге де адамдар сотқа тек куә ретінде ғана шақырылуы мүмкін.

*ҚР Жоғарғы Сотының 25.06.2015 ж. № 3 нормативтік қаулысымен 24-тармақ өзгертілді*

24. Авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау туралы істер бойынша туындының авторы (тең автор), орындаушылар, фонограмма жасаушы, эфирлік және кабельді хабарлардың ұйымы, автор мен орындаушының мүліктік құқықтарының

мұрагерлері, жасырын туындылардың баспагерлері, авторлық немесе лицензиялық шарттың негізінде нақты мүліктік құқықтар берілген тұлғалар талапкерлер болып табылады.

Өзге тұлғалар тек сенімхаты болған жағдайда ғана автор немесе сабақтас құқықтарды иеленушінің мүддесі үшін талап бере алады. Егер автор немесе орындаушының мұрагерлері болмаса не туынды қоғамдық игілікке айналса, мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар, уәкілетті мемлекеттік орган жарғылық қызмет немесе заңға сәйкес талапкердің өкілдері болып табылады. Егер аталған ұйым мен автордың немесе орындаушының арасында олардың мүліктік (айрықша) құқықтарын ұжымдық негізде басқару туралы шарт жасаған болса, онда жарғылық қызметке сәйкес талап келтіру орын алуы мүмкін.

Егер мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым мен осындай құқықтарды басқаратын шетелдік ұйымның арасында шетелдік автор немесе орындаушының Қазақстан Республикасындағы осындай құқықтарын басқару жөнінде шарт жасалған болса, онда осы ұйым шетелдік автор немесе орындаушының Қазақстан Республикасында бұзылған құқықтарын қорғау туралы талап келтіруге құқылы.

Егер мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымға туындының авторы немесе орындаушысы берген сенімхатта осындай іс жүргізу әрекеттері қарастырылмаған болса, онда ұйымның мүшелері - автор немесе орындаушының мүддесі үшін келтірілген талаптан өз бастамасымен бас тартуға немесе жауапкер келтірген зиянның орнын толтырту, жауапкер тапқан табыстан өндірту, зиян немесе табыстың орнына өтемақы төлетуден бас тартқызатын бітім келісімін жасауға құқылы емес.

Ұжымдық негізде мүліктік құқықтарды басқаратын ұйымның жарғысы, ұжымдық негізде мүліктік құқықтарды басқаруға авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды иеленушімен келісім және (немесе) осындай құқықтарды іске асыратын шетелдік ұйыммен келісім авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды қорғау туралы арызбен сотқа жүгінуге ұйымның құқығын растайтын құжаттар болып табылады.

25. Өзінің әрекеттерімен автордың (оның мұрагерлерінің) немесе сабақтас құқықтарды иеленушілердің не авторлық немесе лицензиялық шарт негізінде мүліктік құқықтарды иеленушілердің жеке мүліктік емес немесе мүліктік құқықтарын бұзған тұлға авторлық немесе сабақтас құқықтарды қорғау туралы істің тиісті жауапкері болып табылады.

Баспагермен жасалған шартқа сәйкес, туынды даналарының тиражын басып шығарған баспахана техникалық қызметтерді атқарады және тиісті жауапкер болып табылмайды. Егер баспахана өз бастамасымен басылымның тиражын көбейтсе, онда ол контрафактілік даналарды дайындаушы болып саналады және Қазақстан Республикасының заң актілерімен қарастырылған жауапкершілікте болады.

Автордың немесе орындаушының мүліктік құқықтарының бұзылуына байланысты бірнеше тұлға жауапкер ретінде танылып, бірдей немесе үлестік жауапкершілікте болуы мүмкін.

*ҚР Жоғарғы Сотының 24.12.2014 ж. № 3 нормативтік қаулысымен; 25.06.2015 ж. № 3 нормативтік қаулысымен 26-тармақ өзгертілді*

26. Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі - АІЖК) 27-бабына сәйкес, авторлық немесе сабақтас құқықтарды, оның ішінде қызметтік туындыны жасауға және пайдалануға байланысты бұзылған құқықтарды қорғау туралы істер аудандық (қалалық) соттардың соттылығына жатады.

Егер заңды тұлғалар немесе заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге

асыратын азаматтар авторлық немесе сабақтас құқықтардың бұзылуынан туындаған даудың тараптары болып табылса, онда мұндай дау мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттың соттылығына жатады. Бұл ретте азаматтың заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлға ретінде салық органында тіркелуден өткен-өтпегені маңызды емес.

Ұжымдық негізде мүліктік құқықтарды басқаратын ұйымдар авторлардың, аталған ұйым мүшелерінің немесе өкілдердің мүліктік құқықтарының бұзылу фактілері бойынша авторлардың мүддесі үшін берген талап арыздар жалпы юрисдикция соттарында қаралады.

Бұзылған авторлық немесе сабақтас құқықтарды қорғау туралы талаптар сотқа жауапкердің тұрғылықты орны бойынша беріледі. Орындалу орны белгіленген, авторлық немесе лицензиялық шарттан туындаған талаптар аталған шарттардың орындалу орны бойынша берілуі мүмкін.

*ҚР Жоғарғы Сотының 25.06.2015 ж. № 3 нормативтік қаулысымен 27-тармақ өзгертілді*

27. «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 541-бабының 2) тармақшасына сәйкес, бұзылған мүліктік емес және (немесе) мүліктік авторлық немесе сабақтас құқықтарды қорғауға қатысты істер бойынша талаптар берген кезде талапкерлер мемлекеттік баж төлеуден босатылады.

*ҚР Жоғарғы Сотының 25.06.2015 ж. № 3 нормативтік қаулысымен 28-тармақ өзгертілді*

28. АҚ 9-бабы және Заңның 49-бабында бұзылған авторлық немесе сабақтас құқықтарды азаматтық сот ісін жүргізуде заңда көрсетілген тәсілдермен қорғауды жүзеге асыру көзделгендіктен, талапкердің талабын қамтамасыз ету туралы арызын қараған кезде сот АІЖК 159-бабының тәртібімен берілген талапқа сәйкес келетін қамтамасыз ету шарасын қолдануға құқылы.

Егер құқықтарды тану немесе құқық бұзылғанға дейінгі жағдайды қалпына келтіру туралы талап берілсе, онда судья, мысалы, жауапкердің авторлық немесе сабақтас құқықтардың даулы объектісін көшірмелеу немесе тарату бойынша қандай да бір әрекеттер жасауына жол бермей, туындының, фонограмманың даналарына, эфирлік және кабельдік хабарлар ұйымы бағдарламасына тыйым сала алады.

Егер құқықтарды бұзатын немесе оның бұзылуына қауіп төндіретін әрекеттерді тыю туралы талап берілсе, онда судья, мысалы, туындының дайындалған даналарына, контрафактілік даналарды дайындауға пайдаланылатын материалдарға тыйым салып, жауапкердің авторлық немесе сабақтас құқықтарды бұзатын нақтылы әрекеттер жасауына не жауапкердің авторлық немесе сабақтас құқықтарды иеленушінің заңды құқықтары мен мүдделерін бұзуға дайындалғанын, сатылып алынған жабдықтарды жауапты сақтауға бергенін айғақтайтын әрекеттер жасауына жол бермейді.

Егер шығындардың орнын толтыру, оның ішінде айырылып қалған пайданы өтеу туралы, зиян немесе табысты өтеу орнына табыс не өтемақы өндіру туралы талап берілсе, онда судья, борышкердің өзіндегі немесе өзге тұлғалардағы мүлкіне тыйым салуға құқылы.

Талап қоюды қамтамасыз ету туралы соттың ұйғарымы туындаған даудың мәні бойынша қорытындыларды қамтуға және іс бойынша шешімді алдын ала болжауға тиіс емес.

29. Заңның 9-бабына сәйкес, авторлық презумпциясы қолданылатындықтан, басқадай жоқ болса туындының түпнұсқасында немесе туындының данасында автор ретінде көрсетілген адам туынды авторы болып саналады.

Бұзылған авторлық немесе сабақтас құқықтарды қорғау туралы істер

қаралғанда, АІЖК 65-бабына сәйкес, талапкер өзіне тиесілі құқықтарды жауапкердің заңсыз пайдалану фактісін, ал жауапкер авторлық құқық немесе сабақтас құқықтар объектісіне қатысты жасаған әрекеттерінің Заң талаптарына сәйкестігін және автордың, орындаушының, фонограмма жасаушының немесе эфирлік және кабельдік хабарлар ұйымының құқықтарын бұзбағанын дәлелдеуге міндетті. Олай болмаған жағдайда жауапкер авторлық немесе сабақтас құқықтарды бұзушы болып танылып, азаматтық-құқықтық жауапкершілікке тартылуы тиіс.

30. Туынды авторының немесе орындаушының жеке мүліктік емес құқықтары бұзылған жағдайда, автор немесе орындаушы моральдық зиян өндіру жөнінде талап қоюға құқылы.

Туынды авторының немесе орындаушының мүліктік емес құқықтары мұрагерлерге заң не өсиет бойынша ауыспайтындықтан мұрагерлер өз пайдасына моральдық зиян өндіру туралы талап қоюға құқылы емес, ал мұндай авторлар мен орындаушылардың бұзылған жеке мүліктік емес құқықтары заңмен қарастырылған өзге тәсілдермен қорғалуға жатады.

31. АІЖК 249-бабымен қарастырылған арызды қараусыз қалдыру негіздері түбегейлі болып табылады, осыған байланысты егер ондай өкілеттілік тиісті түрде ресімделген сенімхатпен берілмесе, талапкердің өкілі бұзылған авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау туралы арызды қараусыз қалдыру жөнінде өз бастамасымен сотқа ұсыныс жасауға құқылы емес.

*ҚР Жоғарғы Сотының 24.12.2014 ж. № 3 нормативтік қаулысымен 32-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)*

32. Бұзылған авторлық немесе сабақтас құқықтарды қорғау туралы талапты қанағаттандырғанда сот, туындының, фонограмманың, эфирлік және кабельдік хабарлар ұйымы бағдарламасының контрафактілік даналарын, сондай-ақ талапкердің ондай талап қойған-қоймағанына қарамастан контрафактілік даналарды көшірмелеуге тікелей пайдаланылған материалдар мен жабдықтарды тәркілеуге құқылы.

Егер туындының немесе фонограмманың, эфирлік және кабельдік хабарлар ұйымы бағдарламаларының контрафактілік даналары сапалық талаптарға сай болса, сот талапкердің пікірін ескере отырып осы даналарды талапкерге беруі мүмкін. Егер контрафактілік даналар сатылмаған болса, онда талапкердің табысты өндіру немесе шығынның орнын толтыру туралы талаптары қанағаттандыруға жатпайды.

Егер контрафактілік даналар сапалық талаптарға сай болмаса, онда олар соттың шешімі бойынша жойылуға жатады.

33. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес, осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, сондай-ақ жалпыға бірдей міндетті болып табылады және ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының  
Төрағасы**

**Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының судьясы,  
жалпы отырыс хатшысы**



**Нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан № 11 от 25 декабря 2007 года «О применении судами некоторых норм законодательства о защите авторского права и смежных прав» (с изменениями и дополнениями от 25 июня 2015 года)**

В целях единообразного понимания и правильного применения в судебной практике некоторых норм законодательства о защите авторского права и смежных прав, пленарное заседание Верховного Суда Республики Казахстан

**постановляет:**

*Пункт 1 изложен в редакции нормативного постановления Верховного Суда РК № 3 от 25.06.2015 г.*

1. Отношения, возникающие в связи с созданием и использованием произведений науки, литературы и искусства (авторское право), постановок, исполнений, фонограмм, передач организаций эфирного и кабельного вещания регулируются Гражданским кодексом Республики Казахстан (далее - ГК), Законом Республики Казахстан «Об авторском праве и смежных правах» (далее - Закон) и иными нормативными правовыми актами.

Законодательные акты Республики Казахстан, усиливающие защиту авторских и смежных прав, применяются, если не противоречат правилам, установленным международными договорами, ратифицированными Республикой Казахстан.

В настоящее время Республика Казахстан является участницей следующих международных договоров, регулирующих данные правоотношения:

Бернской конвенции об охране литературных и художественных произведений (Берн, 9 сентября 1886 года, Закон Республики Казахстан от 10 ноября 1998 года № 297-1 «О присоединении к Бернской конвенции об охране литературных и художественных произведений»);

Конвенции об охране интересов производителей фонограмм от незаконного воспроизводства их фонограмм (Женева, 29 октября 1971 года, Закон Республики Казахстан от 7 июня 2000 года № 54-III «О присоединении Республики Казахстан к Конвенции об охране интересов производителей фонограмм от незаконного воспроизводства их фонограмм»);

Всемирной конвенции об авторском праве (Женева, 6 сентября 1952 года, действует в Республике Казахстан в порядке правопреемства международных обязательств и договоров бывшего СССР, вступила в силу для СССР 27 мая 1973 года.);

Международной конвенции об охране прав исполнителей, производителей фонограмм и вещательных организаций (Рим, 26 октября 1961 года, Закон Республики Казахстан от 17 февраля 2012 года №563- IV «О ратификации Международной конвенции об охране прав исполнителей, производителей фонограмм и вещательных организаций»);

Договора Всемирной организации интеллектуальной собственности по авторскому праву в отношении охраны отдельных прав на некоторые виды произведений (Женева, 20 декабря 1996 г., Закон Республики Казахстан от 16 апреля 2004 года № 547-III «О присоединении Республики Казахстан к Договору Всемирной организации интеллектуальной собственности по авторскому праву»);

Договора Всемирной организации интеллектуальной собственности по исполнениям и фонограммам (Женева, 20 декабря 1996 года, Закон Республики Казахстан от 16 апреля 2004 года № 546-ІІ «О присоединении Республики Казахстан к Договору Всемирной организации интеллектуальной собственности по исполнениям и фонограммам»).

2. Авторские права возникают в силу факта создания интеллектуальным творческим трудом автора (соавторов) в объективной форме произведений науки, литературы и искусства, виды которых перечислены в статье 972 ГК, статье 7 Закона, и действуют независимо от регистрации произведения в уполномоченном государственном органе.

Авторские права распространяются как на обнародованные, так и на необнародованные произведения, независимо от их содержания и достоинства, а также способа и формы выражения.

Авторские права распространяются не только на произведение в целом, но и на его часть (название, наименование персонажей), если эта часть произведения является результатом творческой деятельности и может быть использована самостоятельно.

Авторские права на произведение, выраженное в устной форме, распространяются только в том случае, если оно публично произнесено (исполнено).

3. Лица, оказывавшие автору техническую помощь (печать, корректура и так далее), не могут признаваться соавторами произведения.

Перечисленные в статье 974 ГК и в статье 8 Закона объекты, а также собственно идеи, методы, процессы, способы, концепции, принципы, открытия, факты не относятся к объектам авторского права и правовой защитой не обеспечиваются.

*В пункт 4 внесены изменения в соответствии с нормативным постановлением Верховного Суда РК № 3 от 25.06.2015 г.*

4. Авторские права включают в себя:

- личные неимущественные права автора, перечисленные в статье 977 ГК и в статье 15 Закона. Эти права (право авторства, право на авторское имя, право на обнародование, право на отзыв и право на неприкосновенность произведения) являются неотчуждаемыми. Наследники автора или лицо, на которое автор возложил охрану его личных неимущественных прав, а равно уполномоченный государственный орган при отсутствии наследников, вправе осуществлять защиту этих прав автора без ограничения каким-либо сроком исковой давности в соответствии с подпунктом 1) статьи 187 ГК;

- имущественные (исключительные) права, перечисленные в статье 978 ГК и в статье 16 Закона. Эти права при их нарушении могут защищаться как автором, так и его наследниками, лицами, которым конкретные или все имущественные права автора переданы по авторскому договору, а равно уполномоченным государственным органом, способами, предусмотренными пунктом первым статьи 49 Закона. К требованиям о защите имущественных прав автора применяется общий срок исковой давности, предусмотренный пунктом первым статьи 178 ГК.

5. Имущественные (исключительные) права автора действуют в течение всей жизни автора и семидесяти лет после его смерти. Этот срок распространяется на каждое произведение автора, независимо от того, считается ли произведение оконченным, единым или состоящим из отдельных частей.

Имущественные (исключительные) права соавторов действуют в течение всей жизни каждого из соавторов и семидесяти лет после смерти автора, пережившего других соавторов.

В случае смерти автора (соавторов) исчисление срока действия имущественных (исключительных) прав автора (соавторов) производится, начиная с первого января

года, следующего за годом смерти автора (последнего из соавторов).

Если ранее предусмотренный пунктом первым статьи 982 ГК и пунктом первым статьи 28 Закона пятидесятилетний срок охраны имущественных (исключительных) прав автора (соавторов) произведения истек до 26 ноября 2005 года - даты введения в действие Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам интеллектуальной собственности», то семидесятилетний срок охраны этих прав не применяется.

6. Имущественные (исключительные) права автора в отношении произведения, обнародованного анонимно или под псевдонимом, действуют в течение семидесяти лет после даты его правомерного обнародования.

Под правомерным обнародованием произведения следует понимать доведение его до всеобщего сведения с согласия автора или его наследников путем опубликования, публичного исполнения, публичного показа, сообщения в эфир, в том числе по кабелю.

Если в течение семидесяти лет после обнародованного анонимно или под псевдонимом произведения его автор раскроет свою личность или его личность не будет вызывать сомнений, то имущественные (исключительные) права автора будут действовать в течение его жизни и семидесяти лет после его смерти.

7. Имущественные (исключительные) права автора произведения, впервые выпущенного в свет (обнародованного) в течение тридцати лет после смерти автора, действуют в течение семидесяти лет после выпуска произведения в свет. Срок действия такого права автора исчисляется с первого января года, следующего за годом выпуска произведения.

Если автор произведения был репрессирован и реабилитирован посмертно, то срок охраны имущественных (исключительных) прав автора на созданные произведения действует в течение семидесяти лет, начиная с первого января года, следующего за годом реабилитации.

8. Истечение срока охраны имущественных (исключительных) прав автора означает, что произведение перешло в общественное достояние.

Произведение, перешедшее в общественное достояние, может быть использовано любым лицом без выплаты авторского вознаграждения при соблюдении права авторства, права на имя автора и права на защиту репутации автора произведения.

9. Имущественные (исключительные) права автора или исполнителя произведения, перешедшие к нескольким наследникам по закону или завещанию без конкретизации наследуемых объектов авторского права и (или) смежных прав, свидетельствует о возникновении прав на совместное использование всех произведений автора и (или) объектов смежных прав. При этом ни один из наследников не вправе без достаточных к тому оснований запрещать использование произведений. Вознаграждение за использование произведения распределяется между наследниками соответственно наследственным долям.

10. Авторское право не связано с правом собственности на материальный объект, в котором выражено произведение. Передача прав на материальный объект не влечет передачу имущественных прав на использование произведения.

11. Имущественные (исключительные) права автора, уступленные полностью или частично им или его наследниками по авторскому договору, в случае их нарушения другими физическими или юридическими лицами могут защищаться обладателями таких прав от своего имени путем предъявления иска о запрете использовать произведение нарушителем таким же способом, какой предусмотрен авторским договором.

Если обладатель имущественных (исключительных) прав автора, уступленных ему по авторскому договору, не осуществляет защиту этих нарушенных прав, то такая защита может осуществляться автором или его наследниками самостоятельно.

12. Исходя из содержания и формы авторского договора, предусмотренных статьей 32 Закона, автор или его наследники, а равно работодатель - обладатель имущественных прав на служебное произведение, могут уступать имущественные (исключительные) права другим лицам.

По авторскому договору не могут передаваться исключительные (имущественные) права в отношении произведения, которое автор желает создать в будущем.

Условия авторского договора, ограничивающие права автора на создание в будущем произведений на конкретную тему или в конкретной области науки, литературы или искусства, а также противоречащие положениям Закона, являются недействительными.

*В пункт 13 внесены изменения в соответствии с нормативным постановлением Верховного Суда РК № 3 от 25.06.2015 г.*

13. Смежными неимущественными и имущественными правами, предусмотренными соответственно статьями 37, 38, 39 и 40 Закона, на постановки, исполнения, фонограммы, передачи организаций эфирного и кабельного вещания обладают исполнители, производители фонограмм и организации эфирного и кабельного вещания.

Смежные неимущественные права являются неотчуждаемыми.

Имущественные смежные права исполнителя (например, актера, певца, танцора, музыканта, исполнителя эстрадного, циркового или кукольного номера, дирижера, режиссера-постановщика) на исполнение путем воспроизведения; производителя фонограмм на воспроизведение и распространение фонограммы или права организации эфирного и кабельного вещания на использование передачи могут быть полностью или частично уступлены другим лицам на основании лицензионного договора.

В то же время осветители, звукооформители и другие лица, осуществляющие технические функции в процессе исполнения произведения, изготовления фонограмм или передач смежными имущественными правами не обладают.

